

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі
№ 26 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап –
қор нарығы үшін;

2018 жылдың 01 қазанынан бастап –
валюталық нарық және
деривативтер нарығы үшін

қолданысқа енгізілді

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылдың 12 желтоқсанындағы № 37 отырыс хаттамасы);
- 2018 жылдың 13 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 29 қаңтарындағы № 5 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 18 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 26 сәуіріндегі № 23 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 01 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 28 мамырындағы № 26 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 29 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығын туралы" заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген, Қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген, Клирингілік ұйымда тәуекелдерді басқару жүйесіне, клирингілік ұйымда мониторинг жүргізу шарттары мен тәртібіне, тәуекелдерді бақылау мен басқаруға қойылатын талаптарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 10 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 11 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің тәуекелдерін басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің шарттары мен тәртібіне, бақылауы мен басқаруына қойылатын талаптарға және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті (осы қызмет Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңында анықталғандай) жүзеге асыру шарттары мен тәртібін анықтайды, соның ішінде Биржаның клирингілік ұйым ретінде тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және оның қызмет ету ережелерін және Биржаның орталық контрагент функцияларын жүзеге асыру ережелерін белгілейді.

(Осы преамбула Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

1 тарау. БИРЖАНЫҢ КЛИРИНГІЛІК ҚЫЗМЕТІ

1 бап. Негізгі түсініктер

1. Осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, түсініктер мен терминдер қолданылған.
2. Осы Ережелерде қолданылған, өзге түсініктер келесіні білдіреді:
 - 1) **биржалық нарық** – осы тармақта анықталған түсініктерге сәйкес келетін, қор нарығы, валюталық нарық және деривативтер нарығы;
 - 2) **Банк-провайдер** – Банк – дефолттарды реттеу мақсатында жайғасымдарды көшіру немесе жайғасымдарды жою мәмілелерін жасасқанда, Биржа Басқармасы осы мәміленің бір тарабы ретінде анықтаған, валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы;
 - 3) **валюталық нарық** – "spot" және "своп" секцияларында айналыста жүрген, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржаның шетел валюталарының ұйымдастырылған нарығы;
 - 4) **бірыңғай шектелім** – "жартылай қамтылған" санаттағы клирингілік қатысушының өтінімдер беруі және мәмілелер жасасуы үшін қажетті, клирингілік қатысушының клирингілік шотындағы (меншікті немесе клиенттік) маржалық қамтудың жеткіліктілігін белгілейтін, мөлшер;
 - 5) **есептесу күні** – қандай да бір қаржы құралы бойынша міндеттемелерді орындау бойынша Биржа есеп айырысуларды жүзеге асыратын, күн;
 - 6) **дефолт** – клирингілік қатысушының өз міндеттемелерді (уақытылы немесе тиісті) орындамауы;
 - 7) **ақпараттық технологиялар бөлімшесі** – Биржаның ақпараттық жүйелерінің әзірлеуін, қолдауын, және сапасын жақсартуын жүзеге асыратын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
 - 8) **клиринг** (қаржы құралдары бойынша клирингілік қызмет) – неттингті жүзеге асыру нәтижесінде туындаған, клирингілік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын салыстырып тексеру және анықтау,

- сондай-ақ, жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді тоқтатуға және неттинг нәтижесі бойынша міндеттемелерді туындауына негіз бола алатын, сондай-ақ осындай міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін, құжаттарды (ақпараттарды) дайындау және ұсыну үдерісі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 9) **клирингілік күн** – қандай да бір қаржы құралымен жасалған мәміле бойынша Биржа клирингілік жүзеге асыратын, күн;
 - 10) **клирингілік есеп** – Биржа клирингілік қатысушыға ұсынатын, және осы клирингілік қатысушы өз атынан немесе өз клиентінің атынан жасасқан мәмілелер туралы мәліметтерді қамтитын, осындай мәмілелердің неттинг нәтижесінде туындаған, нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптар туралы, осы міндеттемелерді (бар болса) орындауды қамтамасыз ету туралы және, осы Ережелермен анықталған, басқа да ақпаратты қамтитын, құжат *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 11) **клирингілік бөлімше** – негізгі функциясы қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті әрекеттерді орындау болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
 - 12) **клирингілік сессия** – сауда-саттық сессияларда жасалған мәмілелердің нәтижелері бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, клирингілік есептерді, сондай-ақ, "Клирингілік қызметті жүзеге асыру регламенті" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес есептесулерді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттарды қалыптастыратын, Биржаның операциялық күнінің бір бөлігі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 13) **"клирингілік жүйе"** – қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырғанда қолданылатын және, осы қызметті жүзеге асыру шегінде Биржамен орындалуы тиіс әрекеттерді автоматтандыруға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
 - 14) **клирингілік шот** – клирингілік қатысушының белгілі бір биржалық нарықта өзінің сауда-саттық (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша жасасқан, мәмілелер бойынша оның жайғасымдарын және нетто-жайғасымдарын есепке алу үшін, сондай-ақ оларды орындаудың қамтуларына қойылатын талаптарды есепке алу үшін қолданылатын, клирингілік жүйедегі белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің тіркеушілік жиынтығы;
 - 15) **клирингілік қатысушы** – Биржамен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасасқан, заңды тұлға;
 - 16) **толық қамтылған клирингілік қатысушы** – қандай да бір қаржы құралы бойынша жасалған мәміле бойынша туындаған нетто-міндеттемелерін орындау үшін қажетті көлемде қамтудың бар болу шартымен сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;
 - 17) **жартылай қамтылған клирингілік қатысушы** – осы Ережелермен белгіленген тәртіпте маржалық қамтуды қалыптастыру шартымен сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;
 - 18) **қамтылмаған клирингілік қатысушы** – қамтуды аударусыз сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;

- 19) **маржалық қамту** – жартылай қамтылған клирингілік қатысушыға қойылатын, маржалық талаптарды орындау мақсатында есеп айырысу ұйымында тұрған, қаржы құралдар *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 20) **маржалық талап** – осы Ережелерде белгіленген тәртіпте Биржаның жартылай қамтылған клирингілік қатысушыға қойылатын талап;
- 21) **Ұлттық Банк** – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі;
- 22) **"неттинг"** – белгілі бір клирингілік шот бойынша есепке алынатын, өзара есеп айырысу арқылы қаржы құралымен жасалған мәміле нәтижесінде туындаған, талаптар мен міндеттемелерді толық немесе жартылай тоқтатылуы;
- 23) **"нетто-міндеттеме"** – неттингтің нәтижесіндегі міндеттеме;
- 24) **"нетто-жайғасым"** – нетто-талап және/немесе нетто-міндеттеме;
- 25) **"нетто-талап"** – неттинг нәтижесіндегі талап;
- 26) **қамту** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасасу және орындау үшін клирингілік қатысушыға қойылатын, қамту бойынша талаптарды орындау мақсатында есеп айырысу ұйымында тұрған, осы клирингілік қатысушының маржалық қамтуы және/немесе қаржы құралдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 27) **"жайғасым"** – қандай да бір тұлғаның, биржалық сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде пайда болған, ең алдымен осы тұлғаның жасасқан мәмілесінің нәтижесі болып табылатын, міндеттемесі немесе талабы.
- 28) **есеп айырысу бөлімшесі** – негізгі функциясы валюталық нарықта және деривативтер нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
- 29) **деривативтер нарығы** – "фьючерстер" секциясында айналыста жүрген, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржаның туынды қаржы құралдардың ұйымдастырылған нарығы;
- 30) **биржалық нарықтың секциясы** – баға белгілеудің, клирингтің және есеп айырысудың бірдей ережелерін және/немесе шарттарын қолданумен мәмілелер жасалатын, қаржы құралдарының тізімі;
- 31) **кепілдік жарналардың шоттары** – Биржаның "Ақшаларды ішкі есепке алу және биржалық сауда-саттықтар бойынша есептесулер кезінде құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушыға ашатын және осы Ережелерге сәйкес биржалық нарықтардың (биржалық нарықтар секцияларының) кепілдік қорларына кепілдік жарналарын төлеу мақсатында клирингілік қатысушы аударатын ақшаларды есепке алуға арналған, Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі кепілдік жарналарды есепке алудың шоттары/қосалқы шоттары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 32) **қамту шоттары** – Биржаның "Ақшаларды ішкі есепке алу және биржалық сауда-саттықтар бойынша есептесулер кезінде құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушыға ашатын және клирингілік қатысушының өзі жасасқан мәмілелері

- бойынша нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында аударатын ақшаларды есепке алуға және осы мәмілелердің орындауын қамтамасыз етуге арналған, Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі теңгелік немесе шетел валютасындағы валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы немесе деривативтер нарығының клирингілік қатысушының шоттары/қосалқы шоттары;
- 33) **сауда-саттық бөлімшесі** – сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша функцияларды атқаратын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
- 34) **қаржы құралы** – солармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, ақшалар (теңге, шетел валютасы) бағалы қағаздар, соның ішінде туынды қаржы құралдары, сондай-ақ өзге қаржы құралдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 35) **қор нарығы** – "Т+2 теңгемен" , "Т+2 АҚШ долларымен", "Теңгедегі неттингпен репо" және "АҚШ долларындағы неттингпен репо" секцияларындағы қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржаның ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы;
- 36) **Орталық депозитарий** – қор нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыратын, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ;
- 37) **орталық контрагент** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасалатын, мәмілелердің бір тарабы болып табылатын, заңды тұлға.
3. Осы Қағидада анықталған терминдер Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамада және Биржаның хат-алмасуында және, Биржа солар бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын, мәмілелерге қатысты биржалық ақпараттарда қолданылуы мүмкін. Егер өзгесі осы Ережелердің контекстінен туындамаса, сөздердің меншіктіше түріне көпше түрі де жатқызылады, және керісінше, ал қандай да бір септіктегі сөзге сілтеме, басқа септіктердегі осы сөздердің барлығына қатысты болады.

2 бап.

Клирингілік қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидалары

1. Биржа клирингілік қызметін тек клирингілік қатысушыларға ғана көрсетеді.
2. Клиринг, осы Ережелерде белгілі бір биржалық нарықтар үшін анықталған ерекшеліктерді ескерумен, Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырылады.
3. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру және алу тәртібі, клирингілік қатысушылардың санаттарын белгілеу, сондай-ақ, клирингілік қатысушы мәртебесін алуға ниеттенген ұйымдарға және клирингілік қатысушыларға қойылатын талаптар, клирингілік қатысушының санатын белгілеу үшін талаптар, клирингілік қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Биржаның "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" (бұдан әрі – Қағида) атты ішкі құжатында анықталады.
4. Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдісі, Биржа Басқармасы Қағидаға сәйкес белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысына берілген, санатқа қарай анықталады.
5. Қағидаға сәйкес, Қазақстан Республикасының орталық банкі және банктік жүйенің жоғарғы (бірінші) деңгейі болып табылатын, Ұлттық Банкке барлық биржалық сауда-саттықтарда "қамтусыз" санаты берілген.

6. Клирингілік қатысушылар мен Биржаның арасында электрондық құжаттармен алмасу eTransfer.kz¹ электрондық құжат алмасу жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
7. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті келесідей ерекшеліктерді ескере отырып, жүзеге асырады:
 - 1) қаржы құралдары деп, осы Ережелерде анықталған биржалық нарықтың ерекшеліктерінде көрсетілген, қаржы құралдарын түсіну керек;
 - 2) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған);*
 - 3) мәмілелер деп, ашық сауда-саттық әдісімен жасалған, мәмілелерді ғана түсіну керек. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде жасалған, мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметін жүзеге асырмайды.
8. Клиринг әр меншікті сауда-саттық сессиясының нәтижесі бойынша клирингілік жүйені қолдану арқылы автоматты түрде еске асырылады.
9. Клирингілік жүйенің жұмыс тәртібі "Клирингілік қызметті жүзеге асыру регламенті" (бұдан әрі – Регламент) атты Биржаның ішкі құжатында анықталған.
10. Клирингілік қызметті жүзеге асыру аясында Биржа, осы Ережелердің 2 және 3 тарауларында қызмет ету шарттары мен тәртібі белгіленген, тәуекелдерді басқару жүйесін қолданады.
11. Клирингілік қатысушылардың қамтуларын қалыптастыру және қолдану тәртібі, сондай-ақ, клирингілік қорларды (кепілдік және сақтық қорлары) қолдану және қалпына келтіру осы Ережелердің 2 және 3 тарауларында белгіленген.
12. Биржа, өзінің интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланатын, "Активтерді инвестициялау саясаты" атты Биржаның ішкі құжатының 2, 3 және 4 қосымшаларына сәйкес, клирингілік қатысушылардың қамтуын құрайтын ақшаларды, сондай-ақ клирингілік қорларды (кепілдік және сақтық қорлары) инвестициялауға құқылы.
13. Клирингілік қатысушылардың қамтуларын құрайтын ақшаларды, сондай-ақ клирингілік кепілдік қорларды инвестициялаудан түскен кірістер клирингілік қатысушыларға есептелмейді және төленбейді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
14. Биржа деривативтер нарығында айналатын қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа орталық контрагент қызметін жүзеге асырады. Қор нарығында жасалған мәмілелер бойынша Биржа орталық контрагент қызметін атқармайды.
15. Биржаның меншікті биржалық нарық секторларында клирингілік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері осы Ережелердің 4 тарауында сипатталған.
16. Осы Ережелер Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланып, Биржаның барлық клиенттеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға танысу үшін қолжетімді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

¹ Жеткізілуі кепілденген және криптографиялық құралдармен қорғалған, ұсынылатын мәліметтердің құпиялығы мен түзетілмеуін қамтамасыз ететін, Биржа мен клирингілік қатысушының арасындағы арнайы мамандандырылған электрондық құжатайналым жүйесі.

3 бап. Биржаның орталық контрагент функциясын жүзеге асыруы

1. Орталық контрагент функциясын жүзеге асырғанда Биржа келесі ұстанымдарды басшылыққа алады:
 - 1) тәуекелдерді басқарудың сенімді жүйесін қолдану;
 - 2) нарықтың тиімділігін арттыру, соның ішінде:

Клирингілік қатысушылардың шығындарын азайту, соның ішінде неттинг механизмін пайдалану;

осы Ережелерде белгіленген Биржа жауапкершілігінің шектеулерді ескерумен, клирингілік қатысушылардың жасасқан мәмілелері бойынша міндеттемелерді орындалуын кепілдеу;

әр клирингілік қатысушы Биржамен орталық контрагент ретінде мәміле жасасу тәуекелдерін дербес түрде бағалай алатындай, әрекеттердің айқындылығы.
2. Биржа соларға қатысты орталық контрагент функциясын атқаратын, қаржы құралдарға қатысты ашық оферта механизмі қолданылады, бұл орталық контрагентті жасалған мәмілелер бойынша автоматты түрде қосу әдісін тұспалдайды. Осылайшы, мәміле жасалғаннан кейін Биржа, орталық контрагент функциясын жүзеге асыра отырып, автоматты түрде:
 - 1) осы мәміле бойынша контрагент болып, әр сатып алушы үшін сатушы болып, ал әр сатушы үшін сатып алушы болады;
 - 2) өз әрекеттерімен клирингілік қатысушыларды міндеттеу құқығына иеленіп, соның ішінде клирингілік қатысушының атынан, осы Ережелердің және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асыру аясында Биржа жасасқан, клирингілік қатысушының барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерін (соның ішінде, новация нәтижесінде туындаған міндеттемелерді) қабылдау және орындау.
3. Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, клирингілік қатысушыға белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін беру туралы шешім күшінен енген күннен бастап ашық оферта клирингілік қатысушымен қабылданды деп саналады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

4 бап. Клирингілік шоттар

1. Клирингілік қатысушылардың меншікті және клиенттік клирингілік шоттары ретінде, клирингілік қатысушы болып табылатын Биржа мүшесіне бегілі бір биржалық нарықта қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысу үшін Биржаның "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін және олардың шоттарын, қаржы құралдарын және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатында берілген тәртіпте ашылған, ұқсас меншікті немесе клиенттік сауда-саттық шоты қолданылады.
2. Биржа клирингі, клирингілік қатысушының мәмілелерін және нетто-жайғасымдарын еске алуды клирингілік жүйеде меншікті және клиенттің шоттар бойынша жүзеге асырады.
3. Әр биржалық нарықта клирингілік қатысушы сауда-саттық шоттар тәрізді бір меншікті клирингілік шотты және бір агрегацияланған немесе шексіз сандағы, сегрегацияланған клирингілік шоттарға иелене алады.

Қор нарығында клирингілік қатысушының сегрегацияланған клиенттік шоттары, валюталық нарықта және деривативтер нарығында, осы Ережелерде осы биржалық нарықтар үшін анықталған ерекшеліктерді ескерумен, агрегацияланған клиенттік клирингілік шотпен қатар сегрегацияланған клиенттік клирингілік шоттар қолданылады.

5 бап. Клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарын анықтау

1. Биржалық нарықта өткен әр сауда-саттық сессиясы нәтижелері бойынша клирингілік жүйе клирингілік қатысушының нетто-жайғасымы, осы клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоттары бойынша неттингті жүзеге асырады.
2. Клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоты бойынша нетто-жайғасымды анықтау үшін клирингілік жүйе осы клирингілік шотта есепке алынатын, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің неттингін жүргізеді.
3. Осы баптың 2 тармағында аталған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелер, неттинг жүргізу мақсаттарында, келесідей шарттарға сәйкес болуы тиіс:
 - 1) олар бір атаудағы қаржы құралдарымен көрсетілуі тиіс;
 - 2) олар орындалу датасы бір күнде болуы тиіс.
4. Клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша нетто-жайғасымын анықтағанда, ағымдағы есеп айырысу датадағы нетто-жайғасымын, орындау мерзімі осы есеп айырысу датасы бұрын болған, орындамлмаған міндеттемелердің/талаптардың көлеміне көбейтуге/азайтуға құқылы.
5. Клирингілік қатысушысының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шотындағы нетто-талаптарды немесе нетто-міндеттемелерді анықтағанда, Биржа, осы Ережелерде белгіленген тәртіпте, тиісті клирингілік қатысушының қамту шоттарында, сондай-ақ осы клирингілік шот тиесілі клирингілік қатысушының кепілдік жарналар шотында тұрған, тиісті қаржы құралдарымен өзара есептесу арқылы осы нетто-жайғасымдарын көбейтуге/азайтуға құқылы.

6 бап. Ақпаратты салыстырып тексеру және түзету

1. Клирингілік қатысушылармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты салыстырып тексеру және түзету келесідей кезектілікпен жүзеге асырылады:
 - 1) Биржа әр клирингілік сессия барысында әр клирингілік қатысушының әр клирингілік шотының нетто-жайғасымын, мүмкін болатын техникалық қателерді анықтау және жою мақсатында сауда-саттық жүйесінен алған ақпаратпен Регламентке сәйкес салыстырып тексереді;
 - 2) Биржа клирингілік сессияның қорытындысы бойынша жолдайды;
Биржалық нарықтың тиісті есеп айырысу ұйымдарына клирингілік қатысушылардың клирингілік шоттары бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелердің көлемі туралы ақпаратты қамтыған, құжаттарды;

Осы Ережелердің 54 бабында белгіленген ақпаратты қамтитын, клирингілік қатысушыларға клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есептер.

2. Клирингілік сессияның нәтижесі бойынша клирингілік есепті алғаннан кейін клирингілік қатысушылар есепте көрсетілген ақпаратты салыстырып, аталмыш ақпаратқа ескертулері болса Биржаға жолдайды
3. Клирингілік қатысушының ескертулерімен келіскен болса, Биржа клирингілік сессияның нәтижесі бойынша клирингілік есептерде анықталған сәйкесіздектерді жойып, клирингілік қатысушыларға түзетілген клирингілік есептерді жолдайды.
4. Клирингілік қатысушы Биржаға, белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген, салыстырып тексеру уақытынан кешіктірмей, жасасқан мәмілесі бойынша сауда-саттық шоты нөмірінің өзгеруіне сауал жолдауға құқылы.
5. Биржа, осы баптың 4 бабында белгіленген, сауалды алғаннан кейін сауда-саттық және клирингілік жүйелерде тиісті өзгертулерді енгізеді.

7 бап. Есеп айырысу жүргізу

1. Есеп айырысу ұйымдары:
 - Орталық депозитарий – қор нарығында;
 - Биржа – валюталық нарықта жәрне деривативтер нарығында.
2. Есеп айырысу ұйымы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоттары бойынша нетто-міндеттемелер бойынша есептесулерді орындау үшін қаржы құралдарының, сондай-ақ, қамту және кепілдік жарналар бойынша міндеттемелердің ішкі есебін жүзеге асырады.
3. Қор нарығындағы есеп ауырысулар, клирингілік қатысушының қарсылама нетто-міндеттемелерді орындау шартымен осы клирингілік қатысушысының нетто-талаптарының орындалуын тұспалдайтын, "төлемге қарсы жеткізілім" тәртіптемесінде жүзеге асырылады.
4. Валюталық нарықтағы есеп айырысулар, клирингілік қатысушының нетто-талаптарын Биржа тек осы клирингілік қатысушы Биржаның алдында ағымдағы орындау датасымен өзінің міндеттемесін орындағаннан кейін, сондай-ақ болашақтағы есеп айырысу даталарымен нетто-міндеттемелері бойынша шоттарында қажетті қамтудың бар болу шартымен, мүмкін болатынын тұспалдайтын, "төлемге қарсы төлем" тәртіптемесінде жүзеге асырылады.
5. Қор нарығында "төлемге қарсы жеткізілім" принципі Орталық депозитариймен, оның ережелер жинағына сәйкес, қамтамасыз етіледі.
6. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелері мен қамту бойынша міндеттемелерін орындау үшін ақшаны, Биржаның "Шетел валюталарының сауда-саттықтары нәтижелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Ваюталармен есеп айырысу ережелері) атты ішкі құжатында белгіленген, тәртіпте және мерзімде Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланатын, Биржаның корреспондеттік шоттарының деректемелері бойынша аударады.
7. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы Биржамен есеп айырысуларды Биржаның "Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес, осы Ережелерде белгіленген деривативтер нарығының ерекшеліктерін ескерумен, жүзеге асырады.

8. Қор нарығының клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелері мен қамту бойынша міндеттемелерін орындау бойынша қаржы құралдарын, Биржаның "Қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәмілелер жасасу тәртібі" (бұдан әрі – Т+2 Тәртібі), сондай-ақ Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес, Орталық депозитарийде ашылған, меншікті және клиенттік ақшалай және жеке шоттарға аударады.
9. Нетто-міндеттемелерді орындау тәртібі, сондай-ақ клирингілік қатысушылардың қамтуларын аудары және қайтару тәртібі:
 - 1) қор нарығы үшін, осы Ережелерде бергіленген қор нарығының ерекшеліктерін ескерумен, Т+2 Тәртібінде және Орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленген;
 - 2) валюталық нарық үшін, осы Ережелерде анықталған валюталық нарықтың ерекшеліктерін ескерумен, Ваталармен есеп айырысу ережелерінде белгіленген;
 - 3) деривативтер нарығы үшін, осы Ережелерде анықталған деривативтер нарығының ерекшеліктерін ескерумен, "Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген.
10. Биржа клирингілік қатысушылардың валюталық нарықтағы және деривативтер нарығындағы қамтуларын, сондай-ақ, Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде ашылған клирингілік қатысушыға биржалық нарықтар, валюталар, қамту түрі бойынша, "Биржалық сауда-саттықтар бойынша есеп айырысулар кезінде ақшаларды ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, барлық биржалық нарықтар бойынша меншікті немесе клиенттік шоттарында және қосалқы шоттарында есепке алынады. Осы Ережелердің 4, 5 және 6 тарауларында анықталған биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес, қарастырылуы мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) осы Ережелерде анықталған, міндеттемелер орындалуы тиіс болған, клирингілік шоттарды ауыстыру;
 - 2) осы Ережелерде анықталған, мәмілелер мен басқа да міндеттемелер бойынша нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптарды орындаудан бас тарту;
 - 3) клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын мерзімнен бұрын тоқтату.

2 тарау. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

8 бап. Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы жалпы қағидалар

1. Осы тарауда Биржаның, тек клирингілік ұйым ретінде, тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет ету шарттары мен тәртібі белгіленген. Биржаны, заңды тұлға, сауда-саттық ұйымдастырушысы, банктік операциялардың кейбір түрдерін жүзеге асыратын ұйым ретінде, тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет ету шарттары мен тәртібі Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген.
2. Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесіне мынадай элементтер кіреді:
 - 1) клирингілік қатысушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар;
 - 2) қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау жүйесі;

- 3) кейбір биржалы нарықтарда клирингілік қатысушылардың жайғасымдарын ашу шектелімдері;
 - 4) жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар үшін маржалық қамту;
 - 5) толық қамтылған клирингілік қатысушылар үшін қамтудың жеткіліктілігін алдын ала бақылау;
 - 6) жартылай қамтылған клирингілік қатысушының маржалық қамтуы мен нетто-жайғасымының құнын қайта бағалау;
 - 7) қамтудың жеткіліктілігін бақылау;
 - 8) клирингілік сақтық қорлар;
 - 9) клирингілік кепілдік қорлар;
 - 10) клирингілік қатысушылардың кепілдік қорларының жеткіліктілігін бақылау;
 - 11) клиринг жүргізілетін мәмілелер бойынша, нетто-міндеттемелер орындалмаған жағдайда Биржаның жауапкершілігін шектеу.
3. Қандай да бір биржалық нарықтағы тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің бар болуы мен принциптері, осы Ережелерде белгіленген, осы нарықтың ерекшеліктерін ескерумен анықталады.
 4. Биржа талап ететін, Биржа солармен клиринг жүзеге асыратын, клирингілік қатысушылардың жасасатын мәмілелері бойынша міндеттемелердің қамтулары несиелік және нарықтық тәуекелдерді жабуға жұмсалады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
 5. Несиелік тәуекелді клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу арқылы, Қағидада белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында, клирингілік қатысушыға қандай да бір биржалық нарықта (биржалық нарықтың секцияларында) мәмілелерді орындау бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету амалын анықтайтын, санатты беру үшін бағалау (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
 6. Әр биржалық нарық үшін клирингілік қатысушының санаттарының тізімі Қағидада анықталған.
 7. Осы баптың 2 тармағының 2)-7) тармақшаларында тізілген тәуекелдерді басқару элементтері қалыпты нарықтық жағдайларда нарықтық тәуекелдерді жабу үшін арналған.

Қалыпты нарықтық жағдайлар деп, осы Ережелердің 12 бабына сәйкес анықталатын, қаржы құралы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесінен осы қаржы құралының екі күнде баға өзгеруін көрсететін мөлшері аспайтын, жағдай тұспалданады.
 8. Осы баптың 2 тармағының 8)-11) тармақшаларында белгіленген, тәуекелдерді басқару элементтері нарықтық тәуекелдерді, өтімділік тәуекелдерін, сондай-ақ қаржы құралы бағаларының асыра волатильділігі жағдайында жүйелік тәуекелдерді жабу үшін арналған.

Қаржы құралы бағаларының асыра волатильділігі жағдайы деп, қаржы құралы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесінен осы қаржы құралының екі күнде баға өзгеруін көрсететін мөлшері асатын, жағдай тұспалданады.
 9. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушыВ качестве обеспечения исполнения обязательств клиринговых участников с частичным обеспечением Биржа использует маржевое обеспечение клиринговых участников и гарантийные фонды.

10. Толық қамтылған клирингілік қатысушылардың міндеттемелерді орындауды қамту ретінде Биржа клирингілік қатысушылардың толық қамтуын пайдаланады.
11. Нарықтық тәуекелдерді жабу мақсатында жартылай қамтылған клирингілік қатысушы міндетті:
 - 1) осы Ережелерді белгіленген, биржалық нарықтарды ерекшеліктерін ескерумен, маржалық қамтуға қойылатын талаптарды орындау;
 - 2) осы Ережелерде белгіленген мөлшерде, тиісті биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) кепілдік қорларында кепілдік жарналарының бар болуын қамтамасыз ету.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

12. Несиелік тәуекелді жабу мақсатында толық қамтылған клирингілік қатысушы, жасасқан мәмілелер бойынша және, орындауы максималды мәнге жететін, сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер бойынша есептік нетто-міндеттемелер көлемінде қамтулардың шоттарда қаржы құралдардың бар болуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте қамтулар, осы міндеттемелер туындайтын, қаржы құралдарымен қалыптастырылуы тиіс.
13. Қамтылмаған клирингілік қатысушы қамту ұсынбайды және кепілдік жарналарды төлемейді.

9 бап.

Маржалық қамту

1. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы маржалық қамтуды қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер бойынша қалыптастыруға міндетті:
 - 1) қор нарығында, осы Ережелердің 4 тарауында белгіленген, қор нарығының ерекшеліктеріне сәйкес, маржалық талаптар көлемінде;
 - 2) валюталық нарықта, осы Ережелердің 5 тарауында белгіленген, валюталық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес, маржалық талаптар көлемінде;
 - 3) деривативтер нарығында, осы Ережелердің 6 тарауында белгіленген, деривативтер нарығының ерекшеліктеріне сәйкес, қолдаулы маржаға қойылатын талаптар көлемінде.
2. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушының белгілі бір биржалық нарықта (биржалық нарықтың секциясында) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша маржалық қамтуы ретінде қабылданатын, қаржы құралдарының тізімі осы Ережелерде белгіленген, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Клирингілік қатысушының маржалық қамтуын құрайтын, қаржы құралын қайта бағалау әр есеп айырысу күннен сирек емес жүзеге асырылады.
4. Қор нарығының клирингілік қатысушысының нетто-міндеттемелерінің құны өзгеру бойынша жасасқан, бірақ есеп айырыспаған мәмілелер бойынша, сондай-ақ сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер бойынша нарықтық тәуекелін жабу үшін маржалық талаптарды есептеу тәртібі, осы Ережелерде белгіленген, тиісті биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен анықталады.

5. Деривативтер нарығының клирингтік қатысушысының нетто-міндеттемелерінің құны өзгеру бойынша, немесе валюталық нақытың клирингтік қатысушысының жасасқан, бірақ есеп айырыспаған мәмілелер бойынша, сондай-ақ сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер бойынша нарықтық тәуекелін жабу үшін маржалық талаптарды есептеу тәртібі, осы Ережелерде белгіленген, деривативтер нарығының ерекшеліктерін ескерумен анықталады.
6. Қор нарығындағы немесе валюталық нарықтағы жартылай қамтылған клирингтік қатысушының маржалық қамтуының жеткіліктілігін бақылау үшін, бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі, осы Ережелерде белгіленген, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен анықталады.

10 бап. Қаржы құралының есеп айырысу бағасы

(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

1. Қаржы құралының есеп айырысу бағасы тәуекел-параметрі болып табылып, клирингтік қатысушының нетто-міндеттемелері мен нетто-талаптарының нарықтық құнын анықтау, маржалық талаптарды есептеу үшін, сондай-ақ клирингтік қатысушының маржалық қамтуының құнын бағалау мақсатында есептеледі.
2. Қаржы құралының есеп айырысу бағалары келесідей анықталады:
 - 1) қор нарығы үшін күнделікті немесе Биржаның "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес өзге тәртіпте;
 - 2) валюталық нарық үшін онлайн тәртіптемесінде бір сауда-саттық сессиясы барысында "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" (бұдан әрі – Әдістеме) ішкі құжатына сәйкес есептеледі;
 - 3) деривативтер нарығы үшін күнделікті Әдістемеге сәйкес.

11 бап. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі

1. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімі тәуекел-параметрі болып табылып қандай да бір биржалық нарықта баға ауытқуы салдарынан туындайтын, нарықтық тәуекелдерін басқару үшін арналған.
2. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі деп, алдыңғы клирингтік күннің соңында белгіленген, қаржы құралының өтінімде көрсетілген есептесу бағасынан, осы қаржы құралының бағасының, пайызбен көрсетілген, рұқсат етілген максималды ауытқуы тұспалданады.
3. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімдерінің мөлшерлемесі ай сайын, әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, мөлшерлемелерді есептеу Әдістемеге сәйкес қаржы құралының тарихи бағаларының ауытқуы туралы мәліметтерден шыға отырып, жүзеге асырылады.
4. Қаржы құралы бағаларының өзгеру шектелімдерін белгілеу/өзгерту тәртібі осы Ережелерде белгіленген, тиісті биржалық нарықтардың ерекшеліктерімен анықталады.

12 бап. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі

(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

1. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, жартылай қамтылған клиринг жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша, қаржы құралы бағасының өзгеруінің нарықтық тәуекелінің мөлшерін бағалау үшін арналған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесі пайызбен көрсетіліп, қандай дай да бір биржалық нарықтағы маржалық қамтудың жеткіліктігін және бірыңғай шектелімді есептегенде қолданылады.
3. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесі ай сайын, әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

13 бап. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі

1. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі, қаржы құралының бағасына елеулі ықпалсыз, белгіленген кезең барысында жойылуы мүмкін, клирингтік қатысушының белгілі бір қаржы құралындағы максималды жайғасымын бағалауға арналған.
2. Шоғырлану шектелімі қаржы құралының санымен белгіленетін, өлшем болып табылады.
3. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
4. Шоғырлану шектелімін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

14 бап. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі

1. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, қаржы құралы үшін белгіленген шоғырлану шектелімінің мөлшерінен асатын көлемде ашылған жайғасымды жойғанда, осы қаржы құралының бағасы өзгеруінің нарықтық тәуекелін бағалау үшін арналған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі пайызбен көрсетіліп, маржалық қамтудың жеткіліктілігін есептегенде және бірыңғай шектелімді есептегенде қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі, әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Шоғырлану мөлшерлемесін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

15 бап. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі

1. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, қаржы құралының пайыздық базалық мөлшерлемесінің және қаржы құралының түрлі мерзімдерге есеп айырысудың нарықтық тәуекелін бағалау үшін арналған.

Әдістемеге сәйкес, қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесін, өзекті мерзімдерге Комитетпен белгіленеді.

Әр есептесу датасы үшін пайыздық тәуекелдің мөлшерлемесі Әдістемеге сәйкес есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі пайызбен көрсетіліп, валюталық нарықта жартылай қамтылған клирингілік қатысушының валюталық нарықта қаржы құралдарымен жасасқан мәмілелері бойынша маржалық қамтудың жеткіліктілігін есептегенде қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Қаржы құралы үшін орнатылған шоғырлану шектелімінің көлемінен асатын, көлемде ашылған нетто-жайғасымның пайыздық тәуекелін бағалау үшін шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Белгілі бір қаржы құралдары бойынша пайыздық тәуекел мөлшерлемесі мен шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі белгіленген өзекті мерзімдер үшін ай сайын, әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
5. Пайыздық тәуекел мөлшерлемесі мен шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі Әдістемеге сәйкес есептеледі.

16 бап. Клирингілік қатысушылардың ашық жайғасымдарының шектелімі

1. Клирингілік қатысушылардың ашық жайғасымдарының шектелімдері клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелерінің орындалмау тәуекелік минимизациялау мақсатында клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарының максималды көлемін шектеу үшін арналған.
2. Клирингілік қатысушыға жайғасым ашудың шектелімі, осы Ережелерде белгіленген, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен, ақшалай анықталады.

17 бап. Клирингілік қорлар

2. Биржалық нарықтың қандай да бір секторы бойынша клирингілік қор келесі қор түрлерінен тұрады:
 - 1) клирингілік кепілдік қоры (бұдан әрі – кепілдік қоры);

- 2) клирингілік сақтық қоры (бұдан әрі – сақтық қоры).
3. Белгілі бір биржалық нарықтарда, осындай нарықтардың белгілі бір секцияларында қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін пайдаланылатын, жеке кепіл қорлары құрылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Белгілі бір биржалық нарықтық (биржалық нарықтың секторциясының) клирингілік қорларының жиынтық көлемі, екі клирингілік қатысушының ең үлкен нетто-міндеттемелері орындалмаған жағдай салдарынан туындауы мүмкін, осы биржалық нарықтық (биржалық нарықтың секторциясының) қаржы құралдардың нарықтық бағалары өзгеруінен мүмкін болатын шығындарды жаба алатындай есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Клирингілік қорлардың және клирингілік кепілдік қорларына кепілдік жарналардың мөлшерін есептеу әдістемесі Биржаның "Клирингілік қорлардың көлемдерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатында белгіленген.
6. Клирингілік қорлардың көлемдерінің жеткіліктілігін бағалау кемінде жылына бір рет, сондай-ақ клирингілік қорлардың қаржыларын дефолттарды реттеу үшін қолданғанда, жүзеге асырылады.
7. Сақтық қорлардың көлемін және кепілдік қорларға кепілдік жарналардың көлемін өзгерту туралы шешімді, Биржаның "Клирингілік қорлардың көлемін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау негізінде, Биржаның Директорлар кеңесі қабылдайды.
8. Әр биржалық нарық бойынша қалыптастырылған клирингілік қорлардың көлемдері туралы ақпарат Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. Клирингілік қорлар. Осы клирингілік қор сол үшін қалыптастырылған, білгілі юбір биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
10. Кепіл қорларының қаржылары, биржалық нарықта дефолттарды реттеу шегінде қаржы құралымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындаудан басқа, Биржаның және/немесе оның қандай да бір клирингілік қатысушыларының өзге міндеттемелерін орындауды қамту ретінде қолданыла алмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
11. Клирингілік қорлардың қаржыларын қолдану тәртібі Ережелердің 27 бабында белгіленген.

18 бап.

Клирингілік кепілдік қорларға кепілдік жарналарды аудару және қайтару тәртібі

1. Клирингілік кепілдік қорларға аударылатын кепілдік жарналарды жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар аударылады.
2. Кепілдік жарналардың көлемі, белгілі бір кепілдік қорына аударылатын кепілдік жарнаның валютасы Қағиданың 3 қосымшасында анықталған.

3. Белгілі бір кепілдік қорына аударылуы тиіс және/немесе оны қалпына келтіру үшін қажетті кепілдік жарнаның көлемі туралы ақпарат клирингілік қатысушы үшін жасалған есепте көрсетіліп, клирингілік сессия аяқталғаннан соң оған жолданады.
4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).*
5. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы сауда-саттық күні басталар уақыттан кешіктірмей, осы клирингілік қатысушы қаржы құралдардың сауда-саттығына қатысуды көздеген биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секцияларының) кепілдік қорына кепілдік жарнасын аударуға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
6. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы дефолтты реттеу үшін кепілдік қордың қаржыларын пайдаланған жағдайда қандай да бір клирингілік қорға оны қалпына келтіру үшін кепілдік жарнаны, осы Ережелердің 28 бабында белгіленген мерзімде, аударуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес кепілдік қорды қалпына келтіру мақсатында аударылуы тиіс, кепілдік дананың көлемі клирингілік қатысушыға жолданатын клирингілік есепте белгіленеді.
7. Кепілдік жарналарды клирингілік қатысушылар Биржаның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттарына аударылады. Биржаның корреспонденттік шоттарының тізімі Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
8. Биржаның корреспонденттік шотына клирингілік қатысушылар кепілдік жарна ретінде аударатын ақшалардың бөлек-бөлек ішкі есебін жүргізу мақсатында, клирингілік қатысушылар төлеу құжаттарында төлем түрін белгілейтін және белгілі бір биржалық нарықты (биржалық нарықтың секциясын) сәйкестендіретін кодтарды көрсетуі тиіс, осы кодтар бойынша кепілдік қор қалыптастырылады. Осындай кодтардың тізімі Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
9. Биржа клирингілік қатысушыға, оның кепілдік жарнасын, осы Ережелердің 3 қосымшасына берілген нысан бойынша жазылған, өтініші негізінде (осы баптың 10 тармағында белгіленген, шарттарды ескерумен) келесі жағдайларда қайтарады:
 - 1) клирингілік қатысушының санаты "жартылай қамтылған" санатынан "толық қамтылған" санатына өзгерту;
 - 2) қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы санатынан айыру;
 - 3) клирингілік қатысушы мәртебесінен өз еркімен бас тарту.
10. Биржа клирингілік қатысушыға белгілі бір кепілдік қорға оның аударған кепілдік жарнасын тиісті биржалық нарықта (тиісті биржалық нарықтың секциясында) орындалмаған міндеттемелерінің болмауы шартымен қайтарады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген).*
11. Клирингілік қатысушының мүшелігін уақытша тоқтату, оның сауда-саттыққа рұқсаттамасын уақытша тоқтату, клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарналарын қайтаруға негіз болмайды.

3 тарау. ДЕФОЛТТАРДЫ РЕТТЕУ

19 бап. Клирингілік қатысушының дәрменсіз деп мойындау

1. Биржа белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысын келесі жағдайларда дәрменсіз деп мойындайды:
 - 1) клирингілік қатысушының есеп айырысу ұйымындағы шоттарында оның нетто-міндеттемелерін орындау үшін қаржы құралдарының қажетті саны, осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген, есеп айырысу күніне дейін болмауы (бұдан әрі – нетто-міндеттемелердің дефолты) және/немесе нетто-міндеттемелерді орындау, осы Ережелерде белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес, басқа да себептермен жүзеге асырылуы мүмкін болмаса *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 2) клирингілік қатысушының есеп айырысу ұйымындағы қамту шоттарында маржалық талаптардың көлемінде маржалық қамтуының, осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген, мерзімге дейін болмауы (бұдан әрі – маржа бойынша дефолт);
 - 3) осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген мерзімге дейін клирингілік кепілдік жарналарды толықтыру бойынша Биржаның талабын орындамау (бұдан әрі кепілдік жарна бойынша дефолт);
 - 4) Биржа Басқармасы клирингілік алымдарды, мүшелік жарналарды, айыппұлдарды/тұрақсыздық төлемдерін және, осы Ережелермен, Т+2 Тәртібімен, Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдары туралы Қағида" және басқа да Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, қолданымды сомаларды төлемеу, уақытылы төлемеу немесе түгел төлемеу жағдайында клирингілік қатысушының тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату туралы шешім қабылдады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілді).*
- 1-1. Клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындау келесі шарттарды орындаумен жүзеге асырылады:
 - 1) Клирингілік бөлімшенің, осы Ережелердің 20 бабының 1 тармағы 1)-7) тармақшаларына сәйкес, клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындауға негіз болып табылатын ақпараттың болмауы;
 - 2) клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолты туындаған күндер саны екі есеп айырысу күннен аспайды (ағымдағы күннің дефолтын қосқанда);
 - 3) осы Ережелердің иных условий в соответствии с особенностями определенного биржевого рынка настоящих Правил.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылды)

- 1-2. Биржа Басқармасы, нетто-міндеттемелердің дефолты кезінде жосықсыз клирингілік қатысушының орындамаған нетто-міндеттемелерін жуырдағы уақытта орындау мүмкіншілігі және адал клирингілік қатысушылардың жазбаша келісімінің бар болуын көрсететін, ақпарат негізінде, осы баптың 1-1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелердің дефолты туындауы мүмкін есептесу күндердің санын ұлғайту туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)*.
2. Клирингілік қатысушыны осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес жосықсыз деп мойындағанда, клирингілік бөлімше Биржа Басқармасының мүшелеріне клирингілік қатысушының дефолты туындағаны туралы тиісті хабарламаны корпоративтік электронды пошталарының мекен-жайларына дереу жолдап, хабарлайды.
3. Клирингілік қатысушы осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Биржа жартылай қамтылған клирингілік қатысушының санатын толық қамтылған клирингілік қатысушы санатына ауыстыруға және/немесе Қағидаға сәйкес тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға және/немесе Биржа мүшесі болып табылатын клирингілік қатысушыны "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттығынан шеттетуге және/немесе Басқарма шешімімен жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысын, осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес, жосықсыз деп мойындағанда Биржаның жүзеге асыратын қосымша әрекеттерінің тәртібі осы Ережелердің биржалық нарықтардың ерекшеліктерімен белгіленген.
5. Осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Биржа белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындаған жағдайда, Биржа клирингілік қатысушының тиісті нарықта жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелері болмаған жағдайда қамту шоттарынан және/немесе кепілдік жарналар шотынан ақша шегеріп алуға немесе, жосықсыз клирингілік қатысушының маржалық қамтуының немесе кепілдік жарналарының құрамына кіретін, қаржы құралдарын, оның атынан, орындалмаған міндеттемелерді жабуға қажетті көлемде сатуға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Жосықсыз клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, нетто-міндеттемелерін орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін айыппұл/тұрақсыздық төлемін төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

20 бап.

Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау

1. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны келесі жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда дәрменсіз деп мойындауға құқылы:
 - 1) осы Ережелерде қандай да бір биржалық нарықтың ерекшеліктерімен белгіленген тәртіпте, осы биржалық нарықта нетто-міндеттемелердің дефолтына және/немесе маржа бойынша дефолтқа және/немесе кепілдік жарна бойынша дефолтқа байланысты, клирингілік бөлімше жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақты қарауға шығаруы негізінде. Бұл ретте:

- нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында, ағымдағы есептесу датасындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің орындамау көлемінде, сондай-ақ, Биржа Басқармасының шешімімен анықталған, өзге нетто-міндеттемелер орындалмаған нетто-міндеттемелер деп мойындалады;
- маржа бойынша дефолт жағдайында, Биржаның таңдауы бойынша, мәжбүрлі жабудың көлемі дәрменсіз клирингілік қатысушының бірыңғай шектелімінің минималды оң мәніне ақелетін, кез келген нетто-міндеттемелер мойындалады;
- кепілдік жарна бойынша дефолт жағдайында, Биржаның таңдауы бойынша, дәрменсіз клирингілік қатысушының бірыңғай шектелімінің оң мәніне алып келетін, кепілдік жарна бойынша орындалмаған нетто-міндеттемесінің көлемі мәжбүрлі жабудың көлеміне тең, кез келген нетто-міндеттемелер орындалмаған деп мойындалады;

(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

- 2) Ұлттық Банк резидент болып табылатын клирингілік қатысушының негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясын қайтарып алған жағдайда, осындай клирингілік қатысушы барлық биржалық нарықтарда, осындай лицензияны қайтару күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей дәрменсіз деп мойындалады. Клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша барлық биржалық нарықтарда барлық есеп айырысу даталарымен барлық нетто-міндеттемелер орындалмаған деп саналады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) Ұлттық Банк белгілі бір операция немесе қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясын/құқығын қайтарып алған жағдайда, резидент болып табылатын клирингілік қатысушының солармен операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы қайтарылған, қаржы құралдары саудаланатын биржалық нарықта, осындай лицензия / осындай құқық қайтарылған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей дәрменсіз деп мойындалады. Клирингілік қатысушының осы биржалық нарықтағы клирингілік шоттары бойынша барлық есеп айырысу даталарымен барлық нетто-міндеттемелер орындалмаған деп саналады;
- 4) уақытша әкімшілік тағайындалған жағдайда, уәкілетті орган резидент емес клирингілік қатысушының банкроттығы процедураларының бірінің басында, негізгі қызметінің түріне немесе қаржы нарықтарының кез келгенінде операциялар жүргізуге лицензияны қайтарып алу (уақытша тоқтату) осы резидент емес клирингілік қатысушы, Биржа осыны білген күннен кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей, дәрменсіз деп мойындалады. Биржа Басқармасының шешімімен осы резидент емес клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалатын биржалық нарықтардың түрлері, сондай-ақ оның нетто-міндеттемелерін орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібі анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 5) қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы есеп айырысу мерзімдерін бірнеше рет бұзған жағдайда, осындай клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалады. Оның нетто-міндеттемелері орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібін Биржа Басқармасы анықтайды;

- 6) клирингілік қатысушыны қандай да бір биржалық нарықта дәрменсіз деп мойындаған жағдайда. Нетто-міндеттемелерді орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібін Биржа Басқармасының шешімімен анықталады;
- 7) клирингілік қатысушыны қаржылық лаңкестікпен және экстремизммен байланысты ұйымдар тізіміне енгізілген жағдайда, осы ақпарат уәкілетті органның реми интернет-сайтында жарияланған күннен бастап келесі жұмыс күннен кешіктірмей. Клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша барлық есеп айырысу даталарымен барлық нетто-міндеттемелері орындамаған деп мойындалады.
2. резидент болып табылатын клирингілік қатысушының лицензиясын/құқығын қайтару дерегі Ұлттық Банктің жазбаша ескертпесімен расталады. Клирингілік қатысушы, Биржа Басқармасының шешімінде белгіленген, күннен және уақыттан бастап дәрменсіз деп мойындалады.
3. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындағанда Биржа Басқарма дәрменсіз клирингілік қатысушыны Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысудан шеттету туралы шешім қабылдайды (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау, осы Ережелердің 21 бабына сәйкес, Биржа Басқармасымен орындалмаған деп мойындалған оның нетто-міндеттемелеріне қатысты дефолтты реттеу бойынша процедураларды дереу өткізуге негіз болады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).
5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, өзінің нетто-міндеттемелерін орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін айыппұл/тұрақсыздық төлемін төлейді.

21 бап. Дефолтты реттеу

1. Осы Ережелердің 20 бабына сәйкес Биржа Басқармасының шешімі негізінде орындалмаған деп мойындалған, әр нетто-міндеттеме реттелуге жатады.
2. Дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік клирингілік шоты бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелердің дефолтты реттеу бойынша процедуралар өткізгенде Биржа оның меншікті клирингілік шотындағы қамтуды пайдалануға, сондай-ақ, дефолтқа жол берілген клиенттік клирингілік шот бойынша қамтуды түгел пайдаланғаннан кейін ғана, кепілдік жарналарды пайдалануға құқылы.

Дефолтты реттеу шегінде Биржа орындайтын, дефолтты реттеу бойынша процедуралар мен өзге әрекеттерді Биржа әр биржалық нарықта бөлек жүзеге асырып, келесіні қоспағанда, басқа биржалық нарықтарды қозғамайды:

Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотындағы қамтуды және өзге биржалық нарықтардағы кез келген есеп айырысу даталарымен нетто-міндеттемелері болмаған жағдайда, осы биржалық нарықтардағы оның кепілдік жарналарын пайдалануға құқылы.

3. Дефолтты реттеу шегінде Биржа келесідей процедураларды жүзеге асырады:

- 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының өз кепілдік жарналарын және барлық биржалық нарықтардағы меншікті қамтуларын, сондай-ақ егер дефолт клиенттік клирингілік шот бойынша жіберілген болса, осындай шоттағы қамтуды шешіп алу құқығын уақытша тоқтатады;
 - 2) осы Ережелердің 22 бабына сәйкес, бөлу процедурасын жүзеге асырады;
 - 3) осы Ережелердің 22 бабында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын, бөлу процедурасының қорытындысы бойынша адал клирингілік қатысушылармен есеп айырысуларды жүзеге асырады;
 - 4) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесін мыналар арқылы мәжбүрлі жоюды жүзеге асырады:
 - орындалмаған нетто-міндеттемелермен теңгерушік мәмілелер неттингі нәтижесінде осындай міндеттемелерді максималды азайту мақсатында, оның атынан қарсы бағыттағы теңгерушік мәмілелер өткізеді;
 - Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқаратын мәмілелер бойынша осы Ережелердің 23 бабына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы мен кепілдік жарналары есебінен орындалмаған нетто-жайғасымдарымен теңгерушік мәмілелер неттингі нәтижесінде пайда болған және, осы Ережелердің 25 бабына сәйкес, Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер бойынша, осы Ережелерде белгіленген, тиісті биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен, нетто-міндеттемелерін (бар болса) жабу;
 - 5) Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқаратын мәмілелер бойынша осы Ережелердің 24 бабына сәйкес және, осы Ережелердің 25 бабына сәйкес, Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер бойынша, осы Ережелерде белгіленген, тиісті биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен, клирингілік қорлардың есебінен адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жоюды жүзеге асыру (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 6) осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелері бойынша тұрақсыздық төлемін және адал клирингілік қатысушыларға олардың орындалмаған нетто-талаптары бойынша тұрақсыздық төлемдерді төлеуді жүзеге асыру (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 7) осы Ережелерге сәйкес орындалмаған нетто-жайғасымдарды жою жүргізу қорытындысы бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушыларға және адал клирингілік қатысушыларға клирингілік есептер жолдау.
4. Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқаратын, мәмілелер бойынша бөлу және оның қорытындысы бойынша есеп айырысу процедуралары, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен, адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жоюды жүзеге асыру әдісіне қарай және кез келген кезектілікпен қолданылады.

22 бап. Бөлу процедурасы

1. Бөлу процедурасы адал клирингілік қатысушының талаптарын, орындалған қарсылама міндеттемелер есебінен және, қарсылама міндеттемелері орындалмаған, нетто-талаптардың орындалмауын жою мақсатында анықтау есебінен, жартылай орындау мақсатында жүзеге асырылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Бөлу процедурасын өткізгенде клирингілік бөлімше, жартылай орындау шегінде орындалатын және оларды жою бойынша процедураларды жүзеге асыру үшін бөлінетін, қаржы құралдары бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді анықтайды:
 - 1) адал клирингілік қатысушыларға жасалған мәмілелер бойынша олардың нетто-жайғасымдарына сәйкес (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушыларға оның жасасқан мәмілелері бойынша нетто-жайғасымдарына сәйкес (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
3. Дәрменсіз/жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтына байланысты әр адал клирингілік қатысушының алдында орындалуы мүмкін болмаған, нетто-талаптар, әр адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талабына пропорционалды, дефолтқа ұшыраған сол атаудағы қаржы құралдарымен есептеледі.
4. Дәрменсіз/жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-талабына сәйкес алдында орындалмайтын, нетто-талап, осы нетто-талапқа қатысты қарсылама бағыттағы болып табылатын оның орындамаған нетто-міндеттемесінің көлеміне пропорционалды етіп анықталады.
5. Бөлу процедурасы аяқталғанда клирингілік қатысушы тиісті бөлімшелер мен ұйымдарға келесідей құжаттарды жолдайды:
 - 1) есептесу бөлімшесіне – есептесу нетто-міндеттемелеріні қорытынды жиынтық ведомості;
 - 2) Орталық депозитарийге – нетто-жайғасымдар ведомості.Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған, құжаттар бөлу процедурасының қорытындысы бойынша нетто-жайғасымдардың көлемдері туралы мәліметтерді мазмұндайды (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Есеп айырысу ұйымы адал клирингілік қатысушылардың талаптарын жартылай орындау бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырады.

23 бап. Биржа Орталық контрагент функцияларын атқаратын мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесін мәжбүрлі түрде жою

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесін мәжбүрлі жою (бұдан әрі – мәжбүрлі жою) келесі мәмілелерді жасасу арқылы жүзеге асырылады:
 - 1) орындалмаған қарсылама нетто-міндеттемелер бойынша нетто-талап пайда болған, осындай талаптың толық көлеміндегі, қаржы құралын сату бойынша және нетто-талап бойынша жайғасымды толық жабу мақсатында орындалмаған нетто-міндеттеме көрсетілген, қаржы құралын сатып алу бойынша теңгеруші мәмілелер;

(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

- 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы және/немесе кепілдік жарналары қалыптасқан, қаржы құралдарын сату бойынша жабу мәмілелері және дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін оларды максималды азайту үшін, және жабу мәмілелері бойынша талаптардың неттингін өткізу мақсатында орындалмаған міндеттемелері көрсетілген, қаржы құралын сатып алу.
2. Мәжбүрлі жою келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:
- 1) Биржа, осы баптың 3 тармағында белгіленген, әдістерінің бірімен, қарсылама нетто-міндеттемесі орындалмаған, өз нетто-талабына қатысты теңгеруші мәмілелер жасасады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес, теңгеруші мәмілелер жасалған көлемде және шарттармен дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаға нетто-талаптарына қатысты, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан өзімен теңгеруші мәмілелер жасап, Биржа мен дәрменсіз клирингілік қатысушының теңгеруші мәмілелері мен орындалмаған нетто-жайғасымдары бойынша талаптар мен міндеттемелердің неттингін жүргізеді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жасалған, Биржа мен дәрменсіз клирингілік қатысушының арасындағы теңгеруші мәмілелер бағасы мен туындаған орындалмаған нетто-жайғасымын қалыптастырған мәмілелер бағасының арасындағы нарықтық айырмасы, аталмыш мәмілелердің неттингін жүргізгенде дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаға нетто-талабын немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы нетто-міндеттемесін қалыптастырады. Бұл ретте дәрменсіз клирингілік қатысушының болашақтағы орындау датасымен нетто-міндеттемесі пайда болған күні орындалуға жатып, тоқтатылды деп мойындалады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген, дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаға нетто-талабы, Биржа Басқармасының шешімімен, осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық төлемдерді/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ, өзара есеп айырысу арқылы, дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы міндеттемелері бойынша кез келген қарыздарын өтеу үшін пайдаланылады.

Бұл ретте егер бұл талап теңгемен болмаса, Биржа осы баптың 3 тармағында белгіленген әдістердің бірімен, дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талабын қалыптастыратын, қаржы құралының теңгеге сатылуы бойынша мәміле жасасады;
 - 5) осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген, дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы нетто-міндеттемесі, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында анықталған кезектілікпен, "дефолтты жабу үшін қамту пулы"-на кіретін, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы мен кепілдік жарналары есебінен, өзара есептесу арқылы, жабылады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы нетто-міндеттеме, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы және/немесе кепілдік жарнасы қалыптастырылған, қаржы құралымен болмаса, Биржа:

Осы баптың 3 тармағында белгіленген, әдістердің бірімен өз атынан жабу мәмілелерін жасайды;

өзіне қатысты дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, алдыңғы абзацқа сәйкес жасалған мәмілелердің көлемінде және шарттарымен, жабу мәмілелерін жасайды.

Бұл ретте, "жабу үшін қамту пулы"-ның белгілі бір түрі әртүрлі қаржы құралын құраса, жабу мәмілелерін жасасу үшін қаржы құралдар, осы Ережелердің 26 бабының 4 тармағында анықталған, кезетілікпен пайдаланылады (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

3. Дефолтты реттеу процедураларын өткізгенде мәмілелер келесідей әдістермен көрсетілген кезектілікпен жасалады:

1) биржалық сауда-саттық барысында сауда-саттық бөлімшесінің уәкілетті өкілі Биржаның сауда-саттық жүйесінде өтінім беру сәтінде қолданыстағы бағалар бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдер береді. Өтінімдер беру уақытын, сондай-ақ берілетін өтінімдердің көлемін Биржа дербес түрде анықтайды;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген, мәмілелерді биржаның негізгі сауда-саттық сессиялары барысында толық көлемде немесе жартылай жасасу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа қажетті көлемде соңғы сауда-саттық сессиясы аяқталғаннан кейін қосымша сауда-саттық сессияларда немесе биржадан тыс нарықта, сол сауда-саттық күндегі Ұлттық Банкпен немесе Провайдер-Банкпен белгіленген баға бойынша, Ұлттық Банкпен немесе Провайдер-Банкпен мәмілелер жасасуға құқылы. Бұл ретте, орындалмаған нетто-міндеттеменің тиісті есептесу датасымен қаржы құралдармен жасалатын мәмілелердің бағасы мәмілелердің бағасы, сол сауда-саттық күннің негізгі сауда-саттық сессиясы барысында тіркелген максималды бағасынан жоғары және минималды бағадан төмен болмауы тиіс, немесе мәміле жасасу сәтіндегі Thomson Reuters немесе Bloomberg ақпараттық агенттіктерінің мәліметтері бойынша осындай қаржы құралының бағасынан (+1%) – (-1%) диапазонындағы баға бойынша, немесе соңғы сауда-саттық сессиясы жабылу сәтінде анықталған, осындай қаржы құралының есептесу бағасы бойынша (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);

3) осының алдындағы тармақшаларға сәйкес, Биржаның сауда-саттық жүйесінде және/немесе Ұлттық Банкімен мәмілелер жасасу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа соңғы сауда-саттық сессиясы жабылғаннан кейін өз атынан адал клирингілік қатысушымен, олардың атынан әрекет ете отырып, осы сауда-саттық сессиясы жабылар сәтте қолданыста болған есеп айырысу бағалармен мәмілелер жасасады (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

4. Биржа, клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау күннен кейінгі келесі күннен бастап, үш есеп айырысу күн ішінде мәжбүрлі жоюды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте Биржа орындалмаған нетто-міндеттемелерге қатысты, осы Ережелерге анықталған биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес, әр сауда-саттық күнінің жабылу нәтижелері бойынша мәжбүрлі жою жасалмаған, жайғасымдарды ауыстыру процедурасын жүзеге асырады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

5. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыға мәжбүрлі жою аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, мәжбүрлі жою бойынша әрекеттердің жүзеге асырылуы туралы хабарлап, клирингілік есепті және/немесе келесі туралы ақпараттарды мазмұндайтын өзге де ескертпелер жолдайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелерінің тоқтатылуы;
 - 2) Биржаның дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан теңгеруші мәмілелерді және жабу мәмілелерін жасасуы;
 - 3) мәжбүрлі жою нәтижесінде пайда болған, дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері және/немесе нетто-талаптары;
 - 4) дәрменсіз клирингілік қатысушының қамту шоттарындағы (Биржа есеп айырысу ұйымы рөлін атқарған жағдайда) және кепілдік жарналар шоттарындағы қалдықтар;
 - 5) осы Ережелермен бекітілген, дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртібіне сәйкес өзге де мәліметтер.
6. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, осы баптың 3) тармағының 3) тармақшасына сәйкес мәмілелер жасасқан жағдайда, Биржа адал клирингілік қатысушыларға клирингілік есеп және/немесе келесі туралы ақпаратты мазмұндайтын жазбаша ескертпелер жолдайды:
 - 1) дефолтың туындау факті;
 - 2) Биржа адал клирингілік қатысушының атынан теңгеруші және/немесе жабу мәмілелерін жасасуы;
 - 3) Биржаның жоғарыда аталмыш мәмілелер жасасуы нәтижесінде адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-жайғасымдарының тоқтауы және осы мәмілелерді өткізу нәтижесінде нетто-міндеттемелердің және/немесе нетто-талаптардың туындауы (бар болса);
 - 4) осы Ережелердің 8 тармағына сәйкес өзге ақпарат (болған жағдайда).
7. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал клирингілік қатысушылар, оның атынан Биржа, осы бапқа және оларға Биржа жолдаған клирингілік есептеге, сәйкес мәжбүрлі жою шегінде жасасқан барлық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Биржа, дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, сондай-ақ адал клирингілік қатысушының атынан өзімен мәмілелер жасауға қатысты әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес, арнайы өкілеттіліксіз (сенімхатсыз), сондай-ақ дәрменсіз және адал клирингілік қатысушылардың келісімісіз, барлық заңды және нақты әрекеттерді жүзеге асырады.
9. Осы баптың 5 тармағына сәйкес, клирингілік есепте мәліметтері берілген, мәжбүрлі жою нәтижесі бойынша, дәрменсіз клирингілік қатысушы нетто-міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 29 бабы 5 тармағының 2) тармақшасына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушыға тұрақсыздық төлемін есептейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

10. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуларын және кепілдік жарналарын, осы Ережелерге сәйкес есептелген, тұрақсыздық төлемдерін/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ өзара есептесу арқылы клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы міндеттемелері бойынша өзге де қарыздарын өтеп алу үшін пайдалануға құқылы.

Бұл ретте дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтулары мен кепілдік жарналары теңгемен қалыптастырылмаған жағдайда, Биржа кез келген қарыздарды өтеп алу мақсатында, осы баптың 3 тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, әдістердің бірімен дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы және/немесе кепілдік жарнасы қалыптасқан, қаржы құралын теңгеге сатуы бойынша мәміле жасасады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

11. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыдан мәжбүрлі жою нәтижесі бойынша туындаған нетто-міндеттемелерді орындауды, сондай-ақ Биржаның алдындағы өзге қарыздарын өтеуді сот тәртібінде талап етуге құқылы.
12. Дәрменсіз клирингілік қатысушы мәжбүрлі жою аяқталғаннан кейін, барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, сондай-ақ тұрақсыздық төлемдерді/айыппұлдарды және Биржаның алдындағы өзге де қарыздарды түгел төлегеннен кейін, өз қамтуының және/немесе кепілдік жарнасының қалғанын қайтарып алуға құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

24 бап.

Орталық контрагент функцияларын орындағанда дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған талаптарын жою. Биржа жауапкершілігінің мөлшерін шектеу

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолты болған жағдайда, Биржа өзіне орталық контрагент функциясын ала отырып, әр адал клирингілік қатысушының алдында нетто-міндеттемелердің орындалуын, өзінің жауапкершілігін келесідей мөлшерде шектеуін ескерумен, кепілдейді:
 - 1) осы Ережелердің 23 бабына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін мәжбүрлі түрде жою арқылы, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларына сәйкес, дефолтты жабу үшін қамту пулының құрамына кіретін, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуының мөлшерінде;
 - 2) осы бапқа сәйкес, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес, дефолтты жабу үшін арналған қамту пулының құрамына кіретін, дефолт туындаған, биржалық нарықтардың (биржалық нарықтың секцияларының) клирингілік қорлары мөлшерінде (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында аталған қаржылар мәжбүрлі жоюдан кейін дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы және тиісінше Биржаның Орталық контрагент ретінде, адал клирингілік қатысушылардың алдындағы міндеттемелерін түгел орындау үшін жеткілікті болмаған жағдайда, Биржа, осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында аталған, қаржылар есебінен әр адал клирингілік қатысушының алдында Биржамен орындалатын міндеттемелердің мөлшерін анықтау мақсатында бөлу процедурасын жүзеге асырады да, әрі қарай қалған орындалмаған адал клирингілік қатысушылардың талаптарын жоюды (бұдан әрі – талаптарды жою), мәжбүрлі жоюды жүзеге асыру үшін белгіленген мерзімдерде, жүзеге асырады.

3. Адал клирингілік қатысушылардың Биржаға орындалмай қалған талаптары клирингілік қорлары қалыптастырылған қаржы құралдарымен болмаса, Биржа осы талаптар бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында, осы Ережелердің 23 бабының 3 тармағында анықталған, әдістердің бірімен, клирингілік қорлар қалыптастырылған қаржы құралдарын сату және адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары қалыптастырылған қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәмілелер жасасады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Талаптарды жою үшін клирингілік қорларды пайдалану мөлшері мен тәртібі, сондай-ақ әр адал клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын пайдалану мөлшерін есептеу, осы Ережелердің 27 бабында белгіленген S_k үлкендігі ретінде есептеледі.
5. Әр адал клирингілік қатысушысының алдында клирингілік қорлар есебінен жабылатын талаптардың мөлшері, адал клирингілік қатысушының орындалмаған талаптарын жабу үшін кепілдік қордың қаржысы жеткілікті және сақтық қордың қаржысы жеткілікті болмаған жағдайда, осы Ережелердің 27 бабының 2 тармағына сәйкес, F_p үлкендігі ретінде есептеледі, сақтық және кепілдік клирингілік қорларды қаржылары жеткілікті болмаған жағдайда, осы Ережелердің 27 бабының 3 тармағына сәйкес L_p үлкендігі ретінде есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Биржаның адал клирингілік қатысушының алдындағы нетто-міндеттемелері адал клирингілік қатысушылардың алдында, мәжбүрлі жою процедурасын өткізуден түскен қаржылан есебінен және клирингілік қорлардың қаржылары есебінен, орындалған талаптардың тиісті сомаларына азайтылады.
7. Биржаның адал клирингілік қатысушылары алдындағы қалған орындалмаған міндеттемелер орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелер деп, ал тиісінше адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары кейінге қалдырылған талаптар деп мойындалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Талаптарды жою аяқталған және клирингілік қорлардың қаржылары пайдаланылған күнінен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, Биржа адал клирингілік қатысушыларға келесі ақпараттарды мазмұндайтын клирингілік есептер және/немесе өзге де жазбаша ескертпелерді жолдайды:
 - 1) дефолт фактісінің туындауы және, дефолтты реттеу үшін пайдаланылған, сақтық қордың мөлшері;
 - 2) талаптарды жоюды жүзеге асыру үшін клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын пайдалану көлемі;
 - 3) клирингілік қатысушылар кепілдік қорға кепілдік жарналарда қалпына келтіру үшін қажетті, сомалардың көлемі;
 - 4) кейінге қалдырылған талаптардың көлемі (бар болса);
 - 5) жүзеге асырылған талаптарды жою шегінде адал клирингілік қатысушының атынан Биржа жасасқан сату мәмілелері;
 - 6) осы Ережелерде белгіленген дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртіпке сәйкес басқа да мәліметтер.
9. Клинрингілік қорларды қалпына келтіру тәртібі, кепілдік жарналарға қатысты клирингілік қатысушылардың құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің 28 бабында анықталған.

10. Талаптарды жоюды жүзеге асыру нәтижесінде нетто-талаптары толық орындалмаған адал клирингілік қатысушы, осы баптың 11 тармағында анықталған, жағдайлардан басқа кезде, оларды орындалуын талап етуге құқылы емес.
11. Биржаның адал клирингілік қатысушылардың алдында орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелердің көлемі келесі жағдайларда азайтылуы мүмкін:
 - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушы Биржаның алдындағы қарызын өзі неіесе өзге тұлғалар өтеген жағдайда;
 - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушылардың Биржа алдындағы орындалмаған міндеттемелері бойынша сот тәртібінде зарыздарды өндіріп алғанда.
12. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелері бойынша қарыздарды өтеу есебіне аударылған, қаржы құралдарды Биржа, алған күннен кейінгі келесі екі жұмыс күн барысында, келесі тәртіпте қолданылады:
 - 1) адал клирингілік қатысушының алдындағы Биржаның орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелерін өтеу;
 - 2) клирингілік қатысушылардың қолданылған кепілдік жарналарын қайтару;
 - 3) қаржылары қолданылған, клирингілік сақтық қорды қалпына келтіру (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
13. Дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы қарызын өзі немесе өзге тұлғамен өтелген жағдайда, Биржа адал клирингілік қатысушылардың алдында кейінге қалдырылған міндеттемелерді өтеу үшін алынған қаржы құралдарды, осы Ережелердің 27 бабы 2 немесе 3 тармақтарына сәйкес клирингілік қорларды пайдалану есебінен әр адал клирингілік қатысушының алдында нетто-талаптарды орындау үшін қолданылатын, пропорцияларда міндеттемелерді өтеу үшін қолданады.
14. Адал клирингілік қатысушылардың алдындағы Биржаның кейінге қалдырылған міндеттемелер Биржа осы баптың 12 тармағына сәйкес, атқарушы сот органының шешімін орындау бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы қарызын өтеп алу есебіне алынған немесе, қаржы құралдарды, Биржаның "Есепке алу саясаты" атты Биржаның ішкі құжатында мерзімі өткен қарызды есепке алу үшін қарастырылған, мерзімде және тәртіпте осы қарыз Биржаның балансынан шегерілгеннен кейін, өтелді деп саналады. Биржа адал клирингілік қатысушыларға Биржаның кейінге қалдырылған міндеттемелер бойынша олардың талаптарының тоқтатылуы туралы тоқтатылған күні ескертпе жолдайды.
15. Биржа балансынан шегеріліп алынған қарызды қарыздар өтеп, адал клирингілік қатысушының алдындағы кейінге қалдырылған міндеттемелер тоқтаған жағдайда, аударылған сома, осы баптың 12 тармағында анықталған тәртіпте, осы баптың 13 тармағында анықталған пропорцияларда, адал клирингілік қатысушылардың арасында бөлінеді.

25 бап.

Биржа солармен Орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарын жою

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушылардың және адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-жайғасымдарын жою (бұдан әрі – нетто-жайғасымдарды жою) келесідей жүзеге асырылады:

- 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелері мен нетто-талаптарын мәжбүрлі түрде жою;
 - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын мәжбүрлі жою қорытындылары бойынша пайда болған, адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жою *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын мәжбүрлі жою келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) Биржаның дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, оның қарсылама нетто-міндеттемесі бойынша орындалмаған нетто-талабы қалыптастырылған, қаржы құралын осындай талаптың толық көлемінде сату, адал клирингілік қатысушының атынан әрекет ете отырып, оның орындалмаған нетто-міндеттемесі көрсетілген, қаржы құралын сатып алу бойынша теңгеруші мәмілелер жасасуы;
- 2) теңгеруші мәмілелердің бағасы мен, дәрменсіз және адал клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымын қалыптастыратын, мәмілелер бағасының арасындағы нарықтық айырмасы, неттинг өткізгенде дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талабын немесе адал клирингілік қатысушының алдында дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесін құрайды;
- 3) Биржа Басқармасының шешімімен дәрменсіз клирингілік қатысушының адал клирингілік қатысуға қатысты нетто-талабы, осы Ережелерге сәйкес, оның тұрақсыздық төлемін/айыппұлдарын төлеу үшін, сондай-ақ өзара есеп айырысу арқылы Биржаның алдындағы оның кез келген қарыздарын өтеу үшін қолданылады.

Бұл ретте осы нетто-талабы теңгеде қалыптастырылмаған жағдайда, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, Биржаның сауда-саттық жүйесінде нетто-талабын қалыптастыратын қаржы құралын теңгеге сату бойынша мәміле жасасады;

- 4) дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талаптарын жою нәтижесінде пайда болған, адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабу, осы Ережелердің 26 бабының 1)-3) тармақшаларында анықталған кезектілікпен, "дефолтты жабу үшін қамту пулы"-на кіретін, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтулары мен кепілдік жарналары есебінен жабылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы нетто-талаптар дәрменсіз клирингілік қатысушының маржалық қамтуы және/немесе кепілдік жарнасы қалыптастырылған қаржы құралында болмаған жағдайда, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан адал клирингілік қатысушыларға, олардың атынан әрекет отырып, жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің неттингін өткізу арқылы адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын максималды азайту мақсатында, нетто-жайғасымдарды жою жүзеге асырылған күніндегі соңғы сауда-саттық сессиясының жабылу сәтінде қолданыста болған есеп айырысу бағалары бойынша, осы қаржы құралдарын сату бойынша мәмілелер жасайды.

Бұл ретте "жабу үшін қамту пулы"-ның белгілі бір түрі әртүрлі қаржы құралдарын құраса, осы қаржы құралдарын сату бойынша мәмілелер жасасу үшін, осы Ережелердің 26 бабының 4 тармағында анықталған кезектілікті пайдаланады.

Адал клирингілік қатысушылардың осы нетто-талаптары толық өтелген жағдайда, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының қалған маржалық қамтуды және кепілдік жарналарды, осы Ережелерге сәйкес есептелген, тұрақсыздық төлемдерді/айыппұлдарды, сондай-ақ Биржаның алдындағы өзге де қарыздарды өтеу үшін, өзара есеп айырысу арқылы, пайдалануға құқылы.

Бұл ретте маржалық қамту және/немесе кепілдік жарна теңгеде қалыптастырылмаған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушының жоғарыда аталған қарыздарын өтеп алу мақсатында, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан сауда-саттық жүйесінде олардың теңгеге сатылуы бойынша мәмілелер жасасады.

Дефолтты жабу үшін арналған қамту пулының белгілі бір түрі әр түрлі қаржы құралдары құрайтын болса, сату мәмілелерін жасау үшін, осы Ережелердің 26 бабының 4 тармағында анықталған кезектілікпен, осы қаржы құралды қоладанылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Дәрменсіз клирингілік қатысушының маржалық қамтуының және кепілдік жарналарының жеткіліксіздігі салдарынан болған, дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талабын жою нәтижесінде пайда болған, адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары жабу, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының б) және 7) тармақшаларына сәйкес анықталған кезектілікпен, "жабу үшін қамту пулы"-на кіретін сақтық қордың және кепілдік қордың (есептесуі теңгемен секциялар үшін) қаржыларының есебінен жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Орындалмаған талаптар, клирингілік қорлар қалыптастырылған, қаржы құралдарымен қалыптаспырмаған жағдайда, Биржа өз сауда-саттық жүйесінде клирингілік қорлардың қалыптастырылған валютасына, адал клирингілік қатысушылардың атынан, олардың талаптарын қалыптастыратын қаржы құралын сату бойынша мәмілелер жасасады. Бұл ретте "жабу үшін қамту пулы"-ның белгілі бір түрі әртүрлі қаржы құралдарын құраса, осы қаржы құралдарын сату бойынша мәмілелер жасасу үшін, осы Ережелердің 26 бабының 4 тармағында анықталған кезектілікті пайдаланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Нетто-талаптарды жою үшін клирингілік қорларды пайдалану көлемі мен тәртібі, сондай-ақ, S_k үлкендігі ретінде есептелетін, әр адал клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын пайдалану көлемін есептеу осы Ережелердің 27 бабының 1 тармағында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Клирингілік қорларды пайдалану есебінен әр адал клирингілік қатысушының алдында жабылатын, талаптардың көлемі, осы Ережелердің 27 бабының 2 тармағына сәйкес, адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарын жабу үшін кепілдік қорлардың жеткілікті және сақтық қордың қаржылары жеткіліксіз болған жағдайда F_p үлкендігі ретінде, және сақтық және кепілдік қорлардың қаржылары жеткіліксіз болған жағдайда, осы Ережелердің 27 бабының 3 тармағына сәйкес L_p үлкендігі ретінде есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Сақтық қорындағы қаржыларын пайдаланғанда дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдында міндеттемелер пайда болады және адал клирингілік қатысушылардың алдындағы міндеттемелер, оның алдында орындалған талаптарының тиісті сомаларына, тиісінше азаяды.

8. Кепілдік қордың қаржыларын пайдаланғанда дәрменсіз клирингілік қатысушының, кепілдік жарналары пайдаланылған әр клирингілік қатысушының алдында міндеттемелер туындайды, және тиісінше және адал клирингілік қатысушылардың алдындағы міндеттемелер, оның алдында орындалған талаптарының тиісті сомаларына, тиісінше азаяды. Бұл ретте дәрменсіз клирингілік қатысушының атауы, адал клирингілік қатысушылардың, сондай-ақ, клирингілік жарналары пайдаланылған, клирингілік қатысушылардың атаулары, орындалмаған міндеттемелерді адал клирингілік қатысушылар сот немесе өзге де тәртіпте өндіріп алуы бойынша әрі қарай шараларды өткізу мақсатында, клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарын жоюды аяқтау туралы Биржаның клирингілік есептерінде ашылуға жатады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. осы Ережелердің 26 бабының 1 тамғында анықталған кезектілікпе, белгілі бір биржалық нарықтың (белгілі бір биржалық нарықтың секциясының) дефолтты жабу үшін арналған қамту пулы түгел пайдаланылғаннан кейін де адал клирингілік қатысушылардың талаптары орындалмай қалса,
дәрменсіз клирингілік қатысушының атауы адал клирингілік қатысушының клирингілік есептерінде ашылуға жатады;
талаптары орындалмаған, тиісті адал клирингілік қатысушылардың атаулары дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік есебінде ашылуға жатады.
(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).
10. Биржа, клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындаған күннен кейінгі, келесі күннен бастап үш жұмыс күн аралығында нетто-жайғасымды жоюды жүзеге асыруға құқылы.
11. Биржа, нетто-жайғасымдарының жойылуы жүзеге асырылған дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік шоты бойынша маржалық қамтудың портфелін құрайтын, қаржы құралдарын пайдалануға шектеуді, оның барлық нетто-міндеттемелері толық орындалғаннан кейін, сондай-ақ тұрақсыздық төлемдерді/айыппұлдарды және Биржаның алдындағы өзге де қарыздар толық төленгеннен кейін, алып тастайды.
12. Биржа әр дәрменсіз клирингілік қатысушыны нетто-жайғасымдарды жоюдың аяқталуы туралы, осындай жою аяқталғаннан күнінен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей хабарлап, клирингілік есепті және/немесе келесі ақпаратты қамтитын өзге де жазбаша ескертпелерді жолдайды:
 - 1) Биржаның дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан нетто-жайғасымдарды жою шегінде мәмілелер жасасуы;
 - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-жайғасымдарын жою үшін пайдаланылған кепілдік жарналары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-жайғасымдарын тоқтату және адал клирингілік қатысушының алдында нетто-жайғасымдарды жоюды аяқтау қорытындылары бойынша нетто-міндеттемелердің туындағаны, дәрменсіз клирингілік қатысушының атауы және/немесе нетто-талаптарын туралы ақпаратты ашып;
 - 4) Биржаның алдында клирингілік сақтық қорды қалпына келтіру (өтеу) бойынша міндеттемелер туралы және адал клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарын қалпына келтіру (өтеу) адал клирингілік қатысушылардың атауыларын ашып;

- 5) дәрменсіз клирингілік қатысушының маржалық қамтуы мен кепілдік жарналары есебінен тұрақсыздық төлемдері/айыппұлдары және басқа да алымдар бойынша қарыздарды және Биржаның алдында айыппұлдар/тұрақсыздық төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді өтеу есебіне шегерілуі;
 - 6) осы Ережелерде белгіленген, дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртібіне сәйкес өзге де ақпараттар.
13. Бирж әр адал клирингілік қатысушыға, нетто-жайғасымдарды аяқтау күнінен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, клирингілік есепті және/немесе келесі ақпараттарды қамтыған жазбаша ескертпелерді жолдайды:
- 1) дефолт туындауы факті;
 - 2) Биржаның, адал клирингілік қатысушының атынан оның орындалмаған нетто-жайғасымдарын жою мақсатында жүзеге асырылған мәмілелер;
 - 3) нетто-жайғасымдардың тоқтауы және дәрменсіз клирингілік қатысушының туындаған нетто-міндеттемелері және/немесе оған қойылатын нетто-талаптар, жасалған мәмілелердің нәтижелері бойынша оның атауын ашып;
 - 4) дефолтты реттеу үшін пайдаланылған, сақтық қордың мөлшері;
 - 5) дефолтты реттеу үшін пайдаланылған кепілдік жарнаның көлемі туралы және бір немесе бірнеше дәрменсіз клирингілік қатысушыларға кепілдік жарналарды қайтару бойынша талаптарды, олардың атауларын ашып;
 - 6) осы Ережелерде белгіленген, дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртібіне сәйкес өзге де ақпараттар.
14. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал клирингілік қатысушылар, осы бапқа және, осы баптың 12 және 13 тармақтарына сәйкес ұсынылған, ақпараттарға сәйкес, Биржа дәрменсіз және адал клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарын жою кезінде солардың аттарынан жасасқан, барлық жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
15. Биржа, дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, сондай-ақ адал клирингілік қатысушының атынан өзімен мәмілелер жасауға қатысты әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес, арнайы өкілеттіліксіз (сенімхатсыз), сондай-ақ дәрменсіз және адал клирингілік қатысушылардың келісімісіз, барлық заңды және нақты әрекеттерді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
16. Биржа қандай да бір биржалық нарықта қаржы құралдарымен орындалмаған мәмілелер үшін, сондай-ақ қандай да бір клирингілік қатысушының дефолт салдарынан шыққан шығындарын, залалын, алмай қалған пайдасын немесе зиянын өтеу үшін жауапты болмайды. Биржа жауапкершілігінің мөлшері тиісті биржалық нарықтың (дефолт туындаған, секцияның) сақтық қорының, егер осындай бар болса, мөлшерімен шектеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
17. Клирингілік қорларды қалпына келтіру шарттары мен тәртібі, клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарына қатысты құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің 28 бабында анықталған.

18. Биржа мен адал клирингілік қатысушылар дәрменсіз клирингілік қатысушының қалған орындалмаған міндеттемелерін алған клирингілік есептерге сәйкес сот тәртібінде өтеп алуға құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
19. Дефолтты реттеу процедурасын жүзеге асыру нәтижесінде талаптары толық орындалған, адал клирингілік қатысушы, тиісті биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) сақтық қорын пайдаланудан басқа, оның талаптарын Биржа өз есебінен орындауын талап етуге құқы жоқ (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

26 бап. Дефолтты жабу үшін қамту пулы

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған немесе тиісті орындалмаған нетто-міндеттемелерін жабу мақсатында дефолтты реттеу процедурасын жүзеге асырғанда, белгілі бір биржалық нарықта қамтудың келесі түрлерінің қаржы құралдары (бұдан әрі – дефолтты жабу үшін қамту пулы) келесідей реттілікпен пайдаланылуы мүмкін (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*):
 - 1) егер дефолт осы клиенттік дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік клиенттік шот бойынша міндеттемелер бойынша пайда болса, осы шот бойынша қамтуды құрайтын, есептесу ұйымындағы қаржы құралдары. Бұл ретте, осы дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолт жібермеген, басқа клиенттік клирингілік шоттары бойынша міндеттемелерді қамтуды құрайтын, қаржы құралдар қолданылмайды (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) клирингілік қатысушы дефолт жіберген және дәрменсіз деп мойындалған, биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) меншікті қамтуы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 3) клирингілік қатысушы дефолт жіберген және дәрменсіз деп мойындалған, биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) клирингілік кепілдік қорына аударылған дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілдік жарнасы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 4) клирингілік қатысушы дефолт жібермеген, кез келген биржалық нарықтағы дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті қамту шоттарындағы қамту, егер осы нарықта оның орындалмаған міндеттемелері болмаса;
 - 5) кез келген биржалық нарықтағы клирингілік кепілдік қорына аударылған кепілдік жарнасы, егер осы нарықта орындалмаған міндеттемелері болмаса;
 - 6) дефолт жіберілген, биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) клирингілік сақтық қоры (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 7) осы Ережелердің 27 бабының 1 тармағына сәйкес есептелетін, мөлшерде тиісті клирингілік кепілдік қорға, адал клирингілік қатысушыларды кепілдік жарналады.
2. Қандай да бір биржалық нарықта (биржалық нарықтың секциясында) болған дефолтты реттеу үшін бір клирингілік күн үшін пайдалануға болатын,

клирингілік сақтық қордың максималды үлесі 25 % аспауы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Биржа Орталық контрагент функциясын отқармайтын, мәмілелер бойынша дефолтты реттеу үшін қолданылатын, қамтудың түрлері, осы баптың 1 тармағында белгіленген реттілікпен, осы Ережелердің 25 бабына сәйкес анықталады.
4. Егер қамту пулының бір түрін әртүрлі қаржы құралдары құраса, оларды орындалмаған міндеттемелерді жабу мәмілелерін жасасқанда пайдалану үшін олардың келесідей кезектілігі қолданылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) орындалмаған міндеттеменің есеп айырысу валютасы;
 - 2) келесі реттіліктегі өзге валюта: KZT, USD, EUR, RUB;
 - 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары өтеуге дейін қалған мерзімі үлкейгеніне қарай;
 - 4) эмитенті Standard & Poor's рейтингілік агенттік халықаралық шкаласы бойынша ең үлкен рейтингілік бағалауы бар немесе өзге рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі бағалауы бар, беймемлекеттік немесе шетелдік бағалы қағаздар. Рейтингтер бірдей болған жағдайда бағалы қағаздарды пайдалану реттілігін Биржа дербес түрде анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 5) эмитентінің халықаралық рейтингілік агенттіктердің рейтингілік бағалауы жоқ, беймемлекеттік бағалы қағаздар өтімділігі көрсеткішінің неғұрлым жоғарғысы бірінші кезекте пайдаланылады, бұл көрсеткіш "Бағалы қағаздардың өтімділігін анықтау әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес есептеледі. Өтімділік көрсеткішінің деңгейі бірдей болған жағдайда, бағалы қағаздарды пайдалану реттілігін Биржа дербес түрде анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Клирингілік қорларды пайдалану және қалпына келтіру, осы Ережелердің 27 және 28 баптарына сәйкес, жүзеге асырылады.

27 бап.

Клирингілік қорларды қолдану тәртібі

1. Адал клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарынан қолданылатын, ақша сомасын есептеу үшін мынадай формуланы пайдаланады:

$$S_k = \min\left(\frac{D - M_p - G_p - R}{N}; G_k\right), \text{ мұнда}$$

S_k – k -лік адал клирингілік қатысушының кепілдік жарнасынан қолданылатын (алынатын), ақша сомасы;

k – адал клирингілік қатысушы, $k=1, 2, \dots, N$;

\min – жақшаның ішіндегі мәндердің ең кішісін анықтайтын, математикалық функция;

D – адал клирингілік қатысушыларды орындалмаған нетто-талаптарының жиынтық көлемі;

M_p – p -лік дәрменсіз клирингілік қатысушының маржалық жарнасынан қолданылған, сома;

- G_p – p -лік дәрменсіз клирингілік қатысушының міндетті кепілдік жарнасынан қолданылған (алынған), сома;
- G_k – сумма обязательного гарантийного взноса k -го добросовестного клирингового участника;
- R – адал клирингілік қатысушының нетто-талаптарын өтеу үшін қолжетімді, осы Ережелердің 26 бабының 2 тармағында белгіленген шектеулерді ескеріп, қандай да бір биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) клирингілік сақтық қорының ақша сомасы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
- N – адал клирингілік қатысушылардың саны.
2. Адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабу үшін клирингілік қорлардың ақшасы жеткілікті болмаған жағдайда, клирингілік қорының қаржысы қолданылатын, әр адал клирингілік қатысушының нетто-талабының көлемін есептеу үшін мынадай формуланы қолданады:

$$F_p = R \times \frac{D_p}{\sum_p (D_p)}, \text{ мұнда}$$

- F_p – p -лік адал клирингілік қатысушының, клирингілік сақтық қордың қаржылары есебінен жабылатын, нетто-талаптарының көлемі;
- p – нетто-талаптары орындалмаған, адал клирингілік қатысушы $p=1, 2, \dots, X$;
- D_p – p -лік адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарының көлемі;
- \sum_p – дефолт жіберілген, адал клирингілік қатысушының нетто-талаптарын анықтайтын, соманың математикалық белгісі;
- R – осы баптың 1 тармағында орнатылған, белгі.
3. Адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарын жабу үшін клирингілік қорлардың ақшалары жеткіліксіз болған жағдайда, клирингілік кепілдік қордың қаржылары есебінен жабылатын, әр адал клирингілік қатысушының нетто-талабын есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$L_p = (R + G) \times \frac{D_p}{\sum_p (D_p)}, \text{ мұнда}$$

- G – дефолт туындаған, биржалық нарықтың (биржалық нарықтың секциясының) кепілдік қорының көлемі (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Клирингілік қорлардың қаржыларын пайдалану адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын өткізу аясында, осы Ережелердің 25 бабына сәйкес, Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқаратын, мәмілелер бойынша осы Ережелердің 24 бабында белгіленген тәртіпте және Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер бойынша осы Ережелердің 25 бабында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

28 бап. Клирингілік қорларды қалпына келтіру тәртібі

1. Клирингілік қордан соның міндеттемелерін орындау үшін қаржылар қолданылған, дәрменсіз клирингілік қатысушы оларды толық көлемде және, осы Ережелерде белгіленген, шарттар мен тәртіпте өтеуі тиіс.
2. Клирингілік қатысушы клирингілік сессияның қорытындысы бойынша, клирингілік қордың қаржыларын қалпына келтіру (өтеу) бойынша оның міндеттемелері тіркелген, клирингілік есепті алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында осы міндеттемені толық көлемде орындауы тиіс.
3. Адал клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 18 бабында анықталған тәртіпте кепілдік қорға кепілдік жарнасын қалпына келтіру бойынша клирингілік есепті алған күннен кейін келесі күннен бастап бес жұмыс күн аралығында кепілдік жарнасын аударуы тиіс.

Тиісті биржалық нарықтың кепілдік қорына жарналарды аудару бойынша аталған міндеттеме адал клирингілік қатысушыда есеп айырысу күнінде 1 (бір) рет, бір күнтізбелік жыл барысында 6 (алты) реттен жиі туындамайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Клирингілік қатысушы осы баптың 2 немесе 3 тармағында белгіленген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осы Ережелерде және Қағидада қарастырылған шаралар қолданылады.
5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы осы баптың 2 тармағында белгіленген міндеттемелерді толық көлемде орындаған жағдайда, Биржа адал клирингілік қатысушыларға келесі туралы хабарландырады:
 - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік қорлардың қаржыларын қалпына келтіру (өтеу) бойынша міндеттемелерін орындағаны туралы;
 - 2) өз кепілдік жарналарын толықтыру бойынша талаптарды орындаған, адал клирингілік қатысушылардың Биржаға eTransfer электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы аталмыш соманы қайтарып алуға құқығы туралы.
6. Осы Ережелерге сәйкес дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асыру аясында адал клирингілік қатысушының кепілдік жарналарының қаржыларын қолданған жағдайда, адал клирингілік қатысушы Биржадан аталмыш клирингілік қордың есебінен жабылмаған талаптарын толық көлемде немесе жартылай өтеуін талап етуге құқы жоқ.

29 бап. Тұрақсыздық төлемдері

1. Жосықсыз клирингілік қатысушыларға немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыларға өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемдер/айыппұлдар осы Ережелерге сәйкес есептеледі.
2. Биржа клирингілік қатысушының өтініші бойынша клирингілік сессияны ұзарту (қосымша клирингілік сессия өткізу үшін) жүзеге асырылса, осындай ұзарту (қосымша клирингілік сессия өткізу), "Биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген, көлемде және тәртіпте жүзеге асырылады.
3. Орындалмаған (толық орындалмаған) нетто-міндеттеме үшін есептелетін тұрақсыздық төлемінің көлемі мен тәртібі биржалық нарықтардың клирингілік қатысушылары үшін әр нарық бойынша жеке-жеке белгіленеді:

- 1) қор нарығы үшін – осы баптың 4 тармағына сәйкес;
 - 2) валюталық нарық және деривативтер нарығы үшін – осы баптың 5 тармағына сәйкес.
4. Қор нарығындағы жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы Биржаға орындалмаған/уақытылы орындалмаған нетто-міндеттеме бойынша, көлемі келесі формуламен есептелген, тұрақсыздық төлемін төлейді:

$$P = S \times 0,1\% \times D, \text{ мұнда}$$

- P – теңгемен тұрақсыздық төлемінің сомасы;
- S – нетто-міндеттеме туындаған күніндегі сауда-саттық сессияның жабылу сәтінде осы қаржы құралының есептік бағасы бойынша есептелген, орындалмаған нетто-міндеттеменің құны;
- D – нетто-міндеттеменің орындамаудың бірінші күнінен оның орындалған күніне немесе жосықсыз/дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерді мәжбүрлі жоюдың аяқталуы туралы клирингілік есепті алған күніне дейінгі дейінгі арадағы күнтізбелік күндер саны.

5. Валюталық нарықтағы және деривативтер нарықтағы жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік Биржа келесідей тұрақсыздық төлемдерін төлейді:

- 1) жайғасымды ауыстыру процедурасы қолданылатын, орындалмаған нетто-міндеттемелерге қатысты, тұрақсыздық төлемінің көлемі осындай ереже бұзушылық датасында қолданыста болған, айлықесептік көрсеткіштің 15-еселі көлемін құрайды (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

- 2) мәжбүрлі жою процедурасын қолдану нәтижесі болып табылатын, орындалмаған нетто-міндеттемесіне қатысты:

$$PLikv = \min(R \times 0,05\% \times D; R \times 1\%), \text{ мұнда}$$

- $PLikv$ – тұрақтылық төлемінің теңгемене сомасы;
- \min – жақшада көрсетілген мәндерден ең кішісін анықтайтын, математикалық функция;
- R – нетто-міндеттеме туындаған күніндегі сауда-саттық сессияның жабылу сәтінде осы қаржы құралының есептік бағасы бойынша есептелген, орындалмаған нетто-міндеттеменің теңгемен құны;
- D – орындалмаған нетто-міндеттеменің орындалмаған, күнтізбелік күндердің саны.

6. Осы баптың 4 және 5 тармақтарында аталған, тұрақсыздық төлемін, оларды төлеу туралы талапты алған күннен кейін, клирингілік қатысушы бес жұмыс күн аралығында төлейді.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, тұрақсыздық төлемін төлеу күні болып, осы тұрақсыздық төлемінің сомасы Биржаның корреспонденттік шотына аударылған күн болып саналады

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

7. Биржа, жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыдан алынған тұрақсыздық төлемінің сомасын жәбірленуші клирингілік қатысушыға (жәбірленуші клирингілік қатысушыларға) алынған соманың 50 % көлемінде, алған күннен кейінгі екі жұмыс күн барысында аударады. Бірнеше қатысушы болған жағдайда Биржа алған тұрақсыздық төлемінің сомасы осындай

клирингілік қатысушылардың арасында, олардың орындалмаған міндеттемелеріне пропорционалды бөлінеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

30 бап. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін өтеп алу

1. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыдан кез келген орындалмаған міндеттемелерді, соның ішінде төмендегілерді, өтеп алу мақсатында сотқа және өзге де органдарға жүгінуге құқылы:
 - 1) Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын орындайтын, мәмілелер бойынша дефолтты реттеу бойынша процедураны өткізу қорытындысы бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелері;
 - 2) Биржа солар бойынша орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелерінің дефолтын реттеу үшін қолданылған, клирингілік сақтық қорының қаржыларын қалпына келтіру (өтеп алу) бойынша міндеттемелер;
 - 3) дәрменсіз клирингілік қатысушының биржалық және клирингілік алымдары, тұрақсыздық төлемдерін/айыппұлдарын төлеу бойынша міндеттемелер.
2. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген, міндеттемелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының қарыздарын өтеп алу бойынша ішаралар жүргізу нәтижелері бойынша Биржамен алынған, қаржы құралдар осы Ережелердің 24 бабының 12 тармағына сәйкес осы өтеп алу алынған, орындалмаған міндеттемелер салдарынан туындаған, Биржаның алдындағы орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелерді өтеу есебіне адал клирингілік қатысушының арасында бөлінеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4 тарау. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

31 бап. Қор нарығының ерекшеліктері

1. Биржа қор нарығында орталық контрагент функциясын жүзеге асырмайды.
2. Биржа солармен клирингілік қызметті жүзеге асыратын, қор нарығы қаржы құралдарының Тізіміне (бұдан әрі – Тізім) кіретін, қор нарығының қаржы құралдарымен клирингілік қызметті жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:
3. Бағалы қағаздарды Тізімге енгізу/Қаржы құралдар тізімінде тұру тәртібі "Биржа солармен клирингілік қызметті жүзеге асыратын, мәмілелер бойынша қор нарығының қаржы құралдарының Тізіміне қаржы құралдарын енгізу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржа бөлек клиринг жүргізеді, бірыңғай шектелімді есептейді, сауда-саттық пен есеп айырысуларды жүргізу валютасы әртүрлі секцияларда жасалған, мәмілелер бойынша дефолтты реттеу бойынша бөлек процедураларды жүргізеді:

- 1) "Т+2 теңгемен" және "теңгедегі неттингпен репо" секцияларында (бұдан әрі – есептесуі теңгемен секциялары) саудаланатын, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) "Т+2 АҚШ долларымен" және "АҚШ долларымен неттингпен репо" келесі секцияларды саудаланатын (бұдан әрі – АҚШ долларымен есептесу секциялары), қаржы құралдарымен теңгеге жасалған мәмілелер бойынша *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 4-1. Қаржы құралдардың Тізімде болу, сондай-ақ қаржы құралдардың кейбір секцияларда болу тәртібі Биржаның "Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдар Тізіміне қаржы құралдарды енгізу тәртібі" атты ішкі құжатында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)*.
5. Есептесуі теңгемен секциясының және есептесуі АҚШ долларымен қаржы құралдарымен секцияларында мәмілелер жасасу тәртібі мен шарттары Т+2 Тәртібінде анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Қор нарығында жасалған мәмілелер туралы ақпаратты салыстыруды қор нарығының клирингілік қатысушылар, осы Ережелердің 6 бабына және Т+2 Тәртібіне сәйкес, клирингілік есептер алынған, мәмілелерді жасасу күнінен кейінгі келесі клирингілік күннен кешіктірмей, жүзеге асырылады.
7. Қор нарығында жасалған мәмілелер бойынша есептесулерді жүзеге асыру үшін, Орталық депозитарийде ашылған жеке және банктік шоттар қолданылады.
8. Биржа клирингілік қатысушының әр клирингілік шоты (меншікті немесе клиенттік) бойынша Т+2 Тәртібіне сәйкес клирингілік сессияны өткізу нәтижесінде есеп айырысудың барлық даталары бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді анықтайды.
9. Клирингілік бөлімше қор нарығында клирингілік сессия аяқталғаннан кейін Орталық депозитарийге есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін бұйырқ жолдайды.
10. Өз нетто-міндеттемелерін орындау үшін қор нарығының клирингілік қатысушысы есептесу күнінің 17.20 ALT кешіктірмей, осындай міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде, қаржы құралдарының (теңге, шетел валютасы, бағалы қағаздар), Орталық депозитарийде клирингілік қатысушыға ашылған, жеке және банктік шоттарда бар болуын қамтамасыз етуге міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
11. Қор нарығының клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерін орындау, осы клиенттің қатысушының осы баптың 10 тармағын орындау шартымен ғана, жүзеге асырылады.
12. Қор нарығында жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына және Т+2 Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.
13. Биржа қор нарығының жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушысына, төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемдерді, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, есептейді.
14. Биржа жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы кез келген қарызын (соның ішінде тұрақсызды

төлемі/айыппұлдар) осындай клирингілік қатысушының меншікті маржалық қамтуын және/немесе кепілдік жарнасын пайдалануға құқылы.

32 бап. Қор нарығының тәуекелдерін басқару жүйесі

1. Қор нарығындағы тәуекелдерді басқару жүйесі келесі элементтерден тұрады:

1) қор нарығының тәуекел-параметрлері:

Биржаның "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес есептелген, әр бағалы қағаз үшін есептік бағасы;

Әдістемеге сәйкес есептелген, бағалы қағаздар бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;

Әдістемеге сәйкес есептелген, бағалы қағаздардың бастапқы маржасының мөлшерлемесі;

Әдістемеге сәйкес есептелген, бағалы қағаздар бойынша шоғырлану шектелімдері;

Әдістемеге сәйкес есептелген, бағалы қағаздар бойынша шоғырлану мөлшерлемесі;

(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

2) жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар үшін Орталық депозитарийдегі жеке және банктік шоттарда маржалық қамтудың бар болуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;

3) автоматтандырылған модульді қолданумен, жартылай қамтылған клирингілік қатысушының маржалық қамтуының құны мен нетто-жайғасымын қайта бағалау келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:

осы Ережелердің 33 бабының 5 тармағына сәйкес клирингілік қатысушының әр клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша маржалық қамтудың құнын бағалау;

осы Ережелердің 33 бабының 7 тармағына сәйкес, клирингілік қатысушының әр клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша ашық жайғасымдардың тәуекелін бағалау ретінде анықталған, маржалық талаптарды бағалау *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;

4) жартылай қамтылған қор нарығының клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша маржалық қамтуының жеткіліктілігін, осы Ережелердің 33 бабына сәйкес, автоматтандырылған модульді қолданумен, клирингілік қатысушының әр клирингілік шоты бойынша бірыңғай шектелімді есептеу арқылы сауда-саттық сессиясы барысында бақылау;

5) есептесуі теңгемен секцияларда жасалған мәмілелерге арналған, қор нарығының теңгедегі клирингілік сақтық қоры *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

6) есептесуі теңгемен секцияларда жасалған мәмілелерге арналған, қор нарығының клирингілік кепілдік қоры *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 7) клирингілік қатысушылардың кепілдік қорларға күнделікті кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 8) дефолттарды реттеу процедуралары.
2. Бағалы қағаздар бағаларының өзгеру шектелімдерін орнату/өзгерту тәртібі Биржаның "Биржа солар бойынша клирингілік қызмет атқаратын мәмілелер бойынша қаржы құралдары бағаларының өзгеру шектелімінің шекараларын өзгерту тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Биржа, Т+2 Тәртібіне сәйкес, қор нарығының клирингілік қатысушылардың Орталық депозитарийдегі меншікті және/немесе клиенттік жеке және банктік шоттарындағы маржалық қамтуын есепке алады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Еесптесуі теңгемен қор нарықтарының секцияларында жасалған мәмілелерді орындау үшін маржалық қамтуы ретінде қабылданатын, қаржы құралдары болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) ұлттық валюта;
 - 2) Биржаның "Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметін жүзеге асырылатын, қор нарығы қаржы құралдарының Тізімен қаржы құралдарын енгізу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес анықталған, еесптесуі теңгемен секциясының қаржы құралдарын *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Еесптесуі АҚШ долларымен секцияларының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді орындауға арналған маржалық қамту ретінде қабылданатын, қаржы құралдары болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) АҚШ доллары;
 - 2) Биржаның "Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметін жүзеге асырылатын, қор нарығы қаржы құралдарының Тізімен қаржы құралдарын енгізу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес анықталған, еесптесуі АҚШ долларымен секциясының қаржы құралдары *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Осы баптың 4 және 5 тармақтарында анықталған, жартылай қамтылған қор нарығының клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шотында есепке алынатын, қаржы құралдарының жиынтығы тиісті клирингілік шот үшін тиісінше теңгедегі маржалық қамту портфелі мен АҚШ долларындағы маржалық қамту портфелін құрайды.
7. Клирингілік қатысушылар, Орталық депозитарийде олардың шоттарында сақталатын, активтерді қолдана алмайды, егер осындай қолдану бірыңғай шектелімнің теріс мағынасына әкеп соқтырса.

Бірыңғай шектелімді бақылауды орындаудың тәртібі Т+2 Тәртіптемесінде белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Егер маржалық қамтудың жеткіліктілігін тексеру нәтижелері бойынша бірыңғай шектелімі теріс мәнді құраса және/немесе кепілдік жарнаның көлеміне қойылатын талап орындалмаса, клирингілік есепте тиісті талаптар көрсетіледі:

- 1) маржалық қамтуды толықтыру бойынша талапты орындау қажеттілігі туралы, маржалық қамтудың көлемі бірыңғай шектелімнің мәні (шектелімнің мәні теріс болған жағдайда) оң мәнді болатындай болуы тиіс;
 - 2) кепілдік жарнаны толықтыру қажеттілігі туралы (жетіспеген жағдайда).
9. Клирингілік қатысушы маржалық қамтуды толықтыру туралы талапты орындау бойынша міндеттемені, осындай талап қойылғаннан кейінгі келесі күндегі, клирингілік күннің 10.30 ALT кешіктірмей орындалуы тиіс.
- Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген талап, бірыңғай шектелімнің мәні оң бола бастағаннан бастап және/немесе кепілдік жарна қойылған талаптың мөлшерінде Биржаның корреспонденттік шотына аударылған сәттен бастап орындалды деп саналады.
10. Клирингілік кепілдік қорларына аударылатын кепілдік жарналардың көлемі, сондай-ақ оларды аудару және қайтару тәртібі осы Ережелердің 28 бабында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

33 бап.

Қор нарығындағы бірыңғай шектелім

1. Бірыңғай шектелімді қолдану мақсаты, жартылай қамтылған қор нарығының клирингілік қатысушының клирингілік шоты бойынша өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қажетті, маржалық қамтудың жеткіліктілігінің деңгейін өлшеу және қолдау болып табылады.
2. Бірыңғай шектелім жартылай қамтылған қор нарығының клирингілік қатысушылардың меншікті клирингілік шоттары бойынша жеке және осы клирингілік қатысушылардың әр клирингілік клиенттік шоттары бойынша бөлек есептеледі.

Бірыңғай шектелім, қаржы құралдарының сауда-саттықтары мен есептесулері белгілі бір валютада жүзеге асырылатын, секциялардың қаржы құралдары үшін бөлек есептеледі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Есептесуі теңгемен секциялардың қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша бірыңғай шектелім ұлттық валютада, есептесуі АҚШ долларымен секциялардың қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша бірыңғай шектелім АҚШ долларымен есептеледі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Есептесуі теңгемен секциялардың қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімді есептегенде теңгедегі маржалық портфель қолданылады, есептесуі АҚШ долларымен секциялардың қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімді есептегенде маржалық қамтуы АҚШ долларындағы портфель қолданылады (бұдан әрі – тиісті секциялар үшін Бірыңғай шектелім және Маржалық қамтудың портфелі ұғымдары қолданылады) *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Бірыңғай шектелімді есептегенде клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша Маржалық қамтудың портфелінің нарықтық құнын бағалау, клирингілік қатысушының ашатын жайғасымдары құнының өзгеру тәуекелін бағалауды ескерумен, жүзеге асырылады және Биржаның сауда-саттық жүйесінде клирингілік қатысушымен өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қолданылуы мүмкін, маржалық қамтудың мөлшерін көрсетеді.

3. Бірыңғай шектелімді есептеу (қайта есептеу) клирингілік сессияны өткізу барысында клирингілік жүйеде, сондай-ақ нақты уақыт тәртіптемесінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде келесідей жағдайлар туындағанда жүзеге асырылады:
- 1) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға өтінімдер қабылдау (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға мәмілелер жасасу (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 3) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату мәмілелерін жасасудан туындайтын, міндеттемелерді орындау (тоқтату) (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 4) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды тәуекел-параметрлерінің өзгеруі (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

4. Бірыңғай шектелімді есептеу мынадай формуламен жүзеге асырылады:

$$SL = PV - PR, \text{ мұнда:}$$

SL – сауда-саттық жүргізу валютасымен көрсетілген, Бірыңғай шектелімнің мәні;

PV – сауда-саттық валютасында көрсетілген, клирингілік қатысушылардың шоты (меншікті немесе клиенттік) үшін есептелген, Маржалық қамту портфелінің құнын бағалау;

PR – сауда-саттық валютасында көрсетілген, клирингілік қатысушының шоты (меншікті немесе клиенттік) үшін есептелген, ашылған жайғасымдардың нарықтық тәуекелін бағалау.

4. Маржалық қамтудың портфелінің құнын есептеу мынадай формуламен жүзеге асырылады:

$$PV = \sum_{i=1}^n [P_i \times A_i \times (100\% - Disc_i)], \text{ мұнда}$$

PV – сауда-саттық өткізу валютасымен көрсетілген, Маржалық қамтудың портфелін бағалау;

$\sum_{i=1}^n$ – клирингілік қатысушының шотындағы (меншікті немесе клиенттік) қаржы құралдарының сомасын белгілейтін, соманың математикалық белгісі;

P_i – сауда-саттық өткізу валютасында көрсетілген, i -лік атаудағы қаржы құралының есептесу бағасы. Ақша үшін есептесу бағасы 1 тең деп алынады;

A_i – данамен көрсетілген, i -лік атаудағы қаржы құралының саны. Сан деп, клирингілік қатысушының шотында (меншікті немесе клиенттік) нақты қолда бар қаржы құралының санын түсіну керек;

$Disc_i$ – i -лік атаудағы қаржы құралы үшін дисконттың мөлшері. Бағалы қағаздар үшін дисконттың мөлшері – сауда-саттық күнінің басындағы қандай да бір клирингілік қатысушының аталған қаржы құралы үшін шоғырлану шектелімінен асу болған жағдайда бастапқы маржаның мөлшерлемесіне немесе шоғырлану мөлшерлемесіне тең, ал ақша үшін – 0 %;

- n - клирингтік қатысушының Маржалық қамтуының портфелін құрайтын, қаржы құралдар атауларының саны.
6. Клирингтік қатысушының белгілі бір клирингтік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша маржалық қамту портфелінің құнын есептегенде қолд бар қаржы құралдарының (ақшаның және/немесе) бағалы қағаздар) нақты саны ескеріліп, клирингтік қатысушының және/немесе оның клиентінің (клиенттерінің) кез келген есеп айырысу күнімен талатарының бар-жоғын ескерілмейді.
7. Ашық жайғасымдардың нарықтың тәуекелін бағалау келесі формуламен есептеледі:

$$PR = \sum_i [Pos_i \times ConcR_i \times P_i]$$

Егер i-лік қаржы құралы үшін L_{conc_i} сауда-саттық күнінің басында қандай да бір сауда-саттыққа қатысушылардың бір асырған болса,

$$PR = \sum_i [Pos_i \times MR_i \times P_i], \text{ басқа кезде}$$

PR – сауда-саттық жүргізу валютасынжағы Портфельдің нарықтық тәуекелін бағалау;

\sum_i – клирингтік қатысушының шотында (меншікті немесе клиенттік) тұрған, қаржы құралдары бойынша жайғасымдардың сомасын анықтайтын, соманың математикалық таңбасы;

Pos_i – осы баптың 8 тармағына сәйкес есептелген, i-лік қаржы құралы бойынша ашылған жайғасымның абсолюттық мәніндегі максималдысы. Берілетін өтім үшін маржалық қамтудың жеткіліктілігін тексергенде. Pos_i тексерілетін өтімді қоса ескерумен есептеледі;

MR_i – пайызбен көрсетілген, i-лік қаржы құралы үшін бастапқы маржаның мөлшерлемесі;

P_i – ұлттық валютамен көрсетілген, i-лік қаржы құралы бойынша есептесу бағасы;

L_{conc_i} - бағалы қағаздар санымен көрсетілген, бағалы қағаз бойынша шоғырлану шектелімі;

$ConcR_i$ пайызбен көрсетілген, i-лік қаржы құралы үшін шоғырлану мөлшерлемесі.

8. Максималды жайғасымның көлемі келесідей формуламен есептеледі (осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген):

$$Pos_i = \max \left\{ \text{abs} \left(TOP_i + \sum_i B_i \right); \text{abs} \left(TOP_i + \sum_i S_i \right) \right\}, \text{ мұнда:}$$

Pos_i – i-лік қаржы құралы бойынша мүмкін болатын ашық жайғасымның абсолюттық мәнінің максималдысы;

max – жақшада көрсетілген мәндердің ең үлкенін анықтайтын, математикалық функция;

abs – жақшада көрсетілген, сандардың абсолюттық мәнін (модулін) анықтайтын, математикалық функция;

TOP_i – есеп айырысуды күтіп тұрған, неттингпен РЕПО сатып алу/сату барлық мәмілелерінің және жабылу мәмілелерінің сомасы ретінде

анықтайтын, і-лік қаржы құралы бойынша клирингілік қатысушының ағымдағы ашылған жайғасымы (бағалы қағаздар санын есепке алынады) Бұл ретте, сатып алу мәмілелері "плюс" таңбасымен, ал сату мәмілелері – "минус" таңбасымен есептеледі;

\sum_i – клирингілік қатысушының (меншікті немесе клиенттік) шотына берілетін, өтінімдегі бағалы қағаздар сомасын анықтайтын, соманың математикалық таңбасы;

B_i – сатып алуға өтінімдегі і-лік қаржы құралы бойынша бағалы қағаздардың саны ("плюс" таңбасымен есепке алынады);

S_i – сатуға өтінімдегі і-лік қаржы құралы бойынша бағалы қағаздардың саны ("минус" таңбасымен есепке алынады).

9. Маржалық қамтудың жеткіліктілігін тексеру мақсаттары үшін Бірыңғай шектелімнің мәні оң мәнді құрауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, Бірыңғай шектелімнің мәні теріс мәнді болған жағдайда, осы Ережелердің 32 бабы 8 тармағының 1) тармақшасында аталған, талаптар қолданылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

10. Маржалық қамту ретінде қабылданатын, қаржы құралдарына қойылатын талаптар осы Ережелердің 32 бабының 3, 4, 5 тармақтарында анықталған.

34 бап.

Клирингілік қатысушыны қор нарығында жосықсыз деп мойындау

- Клирингілік бөлімше клирингілік қатысушының қор нарығында жосықсыз деп келесі жағдайлардың бірі орын алғанда жосықсыз қатысушы деп мойындайды:
 - есеп айырысу күнінің 17.20 ALT жағдай бойынша өз нетто-міндеттемелерін орындау үшін Орталық депозитарийде клирингілік қатысушының шоттарында қаржы құралдарының қажетті санының болмауы немесе заңнаманы бұзуға байланысты, есеп айырысу ұйымының нетто-міндеттемені орындаудан бас тартуы себебінен, осы нетто-міндеттемелердің орындалуы мүмкін емес (нетто-міндеттемелердің дефолты) (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);
 - қор нарығының жартылай қамтылған клирингілік қатысушының осы Ережелердің 32 бабының 9 тармағында белгіленген мерзімде маржалық қамтуды толықтыру бойынша талапты орындамауы (маржа бойынша дефолт);
 - қор нарығының жартылай қамтылған клирингілік қатысушының осы Ережелердің 28 бабының 3 тармағында белгіленген мерзімде кепілдік жарнаны толықтыру туралы талапты орындамауы (кепілдік жарна бойынша дефолт).
- Қор нарығының клирингілік қатысушысын осы баптың 1 тармағына сәйкес жосықсыз деп мойындағанда, Биржа осындай клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындау туралы ескертіп, осы Ережелердің 19 бабында анықталған жалпы әрекеттерді жүзеге асырады.
- Клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері бойынша дефолты жағдайында жосықсыз деп мойындалғанда клирингілік қатысушы Биржаға, дефолт жіберілген, клиенттік клирингілік шотты меншікті клирингілік немесе клиенттік клирингілік шотқа ауыстыру туралы сауал жолдауға құқылы, сондай-ақ Биржаның "Қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәмілелер

жасасу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес жасалған мәмілені бұзуға сауал жолдауға құқылы.

Егер осындай ауыстыру клирингілік сессияны ұзартуды/қайталап өткізуді тұспалдаса, шотты ауыстыру туралы сауал жіберген клирингілік қатысушы осымен қоса, осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес, клирингілік сессияны ұзарту/ қосымша өткізу туралы өтініш жолдауы тиіс. Клирингілік сессия ұзартылған/қосымша өткізілген болса, Биржа "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталған тәртіпте және көлемде тұрақсызды төлемін өтеп алады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

4. Клирингілік қатысушы өзін жосықсыз деп мойындалуы туралы Биржаның ескертпесін алғаннан кейін 30 минут барысында осы баптың 3 тармағында белгіленген құқығын пайдаланбаса, немесе Биржаның "Қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәмілелер жасасу тәртібі" атты ішкі құжатында анықталған тәртіпте, жасалған мәмілені бұзудан бас тарту алса және Биржаға ағымдағы жұмыс күнде өз міндеттемелерін орындаудың басқа да мүмкіндіктері туралы Биржаға хабарламаса, клирингілік бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасы мүшесінің шешіміне сәйкес, Биржа дефолт болған клирингілік шотты клирингілік қатысушының меншікті шотына ауыстыруға және, клирингілік қатысушының клирингілік меншікті шотында қаржы құралдары жеткілікті болған жағдайда, есеп айырысуларды жүзеге асыруға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

5. Осы баптың 4 тармағында анықталған, құқықтарды ескерумен нетто-міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда, Биржа осы ережелердің 22 бабына сәйкес, бөлу процедурасын жүзеге асырып, адал клирингілік қатысушылармен есеп айырысуларды жүзеге асырады.

Жосықсыз клирингілік қатысушы ағымдағы есеп айырысу күнінің орындалмаған нетто-міндеттемелердің орындалуын, нетто-міндеттемелердің дефолты туындаған күнінен кейінгі күннің 10.30 ALT кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті.

Биржа адал клирингілік қатысушыларды олардың нетто-талаптарының жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелердің дефолты себебінен орындалмағаны туралы және жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелер бойынша есептесулерді, осы тармақтың екінші абзацында анықталған, құқығы бар болуы туралы хабарлайды.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

6. Нетто-міндеттемелердің дефолты болған күннен кейінгі келесі күннің 10.30 ALT дейін жосықсыз клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шотында қаржы құралдары жеткілікті болмаса немесе заңнаманы бұзуға байланысты, есеп айырысу ұйымының нетто-міндеттемені орындаудан бас тартуы себебінен осы нетто-міндеттемелердің орындалуы мүмкін емес болған жағдайда, клирингілік бөлімше осы күннің 11.30 ALT дейінгі мерзімде Басқарманың қарауына осы клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысудан шеттету және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтату және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз қатысушы деп мойындау туралы сұрақты шығарады *(осы тармақ*

Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 29 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген).

7. Жосықсыз клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 29 бабының 4 тармағына сәйкес, Биржаға орындалмаған/уақытылы орындалмаған нетто-міндеттемелері бойынша тұрақсыздық төлемін төлейді.
8. Егер жосықсыз клирингілік қатысушы осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, маржалық қамтуды толықтыру туралы талап бойынша міндеттемесін орындамаса, клирингілік бөлімше маржа бойынша дефолттың пайда болған күнінің 11.30 ALT дейінгі мерзімде Басқарманың қарауына клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысудан шеттету туралы сұрақты шығарады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
9. Егер клирингілік қатысушы, осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, кепілдік жарнаны толықтыру бойынша нетто-міндеттемелерін орындамаса, кепілдік жарна бойынша дефолт болған күннен кейінгі келесі күннің 11.30 ALT дейінгі мерзімде Басқарманың қарауына осы клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысудан шеттету және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтату және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз қатысушы деп мойындау туралы сұрақты шығарады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

35 бап.

Клирингілік қатысушыны қор нарығында дәрменсіз деп мойындау

1. Клирингілік бөлімше қор нарығының клирингілік қатысушыны, 20 баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жосықсыз деп мойындау туралы сұрақты Биржа Басқармасының қарауына келесі жағдайлардың бірі орын алған жұмыс күннің 11.30 ALT кешіктірмей шығарады:
 - 1) 34 баптың 6 тармағында белгіленген мерзімде, нетто-міндеттемелерді орындамау (толық орындамау) немесе заңнаманы бұзуға байланысты, есеп айырысу ұйымының нетто-міндеттемені орындаудан бас тартуы себебінен осы нетто-міндеттемелердің орындалуы мүмкін емес болған жағдайда (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) маржалық қамту бойынша талаптар туындаған күннен кейінгі келесі күннің 10.30 ALT дейін, осындай талаптарды орындамау/толық орындамау;
 - 3) кепілдік жарналарды аудару бойынша талаптар туындаған күннен кейінгі келесі күннің 10.30 ALT дейін, осындай талаптарды орындамау/толық орындамау.
- 1-1. Жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолты үш есептесу күн қатарынна туындаған жағдайда, осы Ережелердің 34 бабының 4 тармағында қарастырылған, іс-шаралар жүзеге асырылып клирингілік бөлімше ағымдағы клирингілік күннің 18.00 ALT кешіктірмей Биржа Басқармасының қарауына қор нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақ шығарылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылды*).

2. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 21 бабына сәйкес дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асырады.

5 тарау. ВАЛЮТАЛЫҚ НАРЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

36 бап. Валюталық нарықтың ерекшеліктері

1. Биржа валюталық нарықта клирингілік қатысушылардың барлық шетелдік валюталарымен жасасқан мәмілелері бойынша Орталық контрагент функциясын жүзеге асырады.
2. Биржа "spot" және "спот" секцияларының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша бірыңғай клирингілі жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
3. Биржа валюталық нарықта қамтылмаған, жартылай қамтылған және толық қамтылған клирингілік қатысушылар үшін клирингілік қызметті жүзеге асырады.
4. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларына, осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, клирингілік қатысушының меншікті және/немесе жалпы клиенттік клирингілік шоттары ашылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
5. Ұлттық Банктің сенімді басқаруындағы, активтерді сегрегацияланған есепке алу мақсатында, Ұлттық Банк үшін жеке клирингілік шоттар, сондай-ақ Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде, егер Ұлттық Банк осындай активтер есебінен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін бөлек корреспонденттік шоттарды анықтаған болса, ақшалай есепке алу шоттары мен қосалқы шоттары ашылады.
6. Клирингілік қатысушылар, осы Ережелердің 6 бабына сәйкес, валюталық нарықта жасалған мәмілелер туралы ақпараттарды салыстырып тексеруді клирингілік есептер алған сәттен бастап 15 минут барысында жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.

37 бап. Валюталық нарықтағы есептесулер. Қамтуларды аудару

1. Биржа, валюталық нарықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып, валюталық нарықтың клирингілік қатысушысына, клирингі нәтижелері бойынша оның нетто-міндеттемелерін қамтуларын есепке алу мақсатында, ішкі меншікті және (қажет болса) клиенттік қамту шоттарын ашады.
2. Валюталық нарықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар Валютамен есеп айырысу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
3. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы соңғы клирингілік сессияның қорытындысы бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Биржаның корреспонденттік шоттарына, келесіде көрсетілген оның санатына қарай, көлемдер мен мерзімде, ақшаның аударылуын қамтамасыз етуі тиіс:
 - 1) "қамтусыз" санаты бойынша ағымдағы есеп айырысу күніндегі оның нетто-міндеттемесі қалыптасқан, валютаның толық көлемінде;

- 2) "толық қамтылған" санаты бойынша осындай міндеттеме туындаған сәтке дейін толық көлемде (Биржаның сауда-саттық жүйесіне тиісті өтінім бергенге дейін);
- 3) "жартылай қамтылған" санаты бойынша ағымдағы есеп айырысу күніндегі оның нетто-міндеттемесі қалыптасқан, валютаның толық көлемінде, сондай-ақ Биржаның осы клирингілік қатысушыға Валютамен есеп айырысу ережелеріне сәйкес, орындалуы болашақта міндеттемелер бойынша қоятын маржалық талаптардың көлемінде *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
4. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының нетто-талабын Биржамен орындалуы, осы клирингілік қатысушының есеп айырысу күніндегі өз нетто-міндеттемелерін толық орындауы шартымен ғана жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен толықтырылды)*.
5. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының өз нетто-міндеттемерін орындау үшін ақша аударуы, сондай-ақ, валюталық қордың жартылай қамтылған клирингілік қатысушылардың маржалық қамтуды аударуы, Валютамен есеп айырысу ережелерінде белгіленген мерзімдер мен тәртіпте, Биржаның корреспонденттік шоттарына жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
6. Осы баптың 5 тармағында белгіленген мақсаттарда ақша аудару, төлем мақсаттарын белгілейтін, арнайы кодтарды төлем құжаттарында көрсетумен жүзеге асырылады. Осындай кодтардың тізімі Биржаның интернет-сайтында www.kase.kz жарияланған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
7. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларының нетто-міндеттемелері мен маржалық қамту бойынша міндеттемелерін орындау бойынша төлеу тәртібін бұзғаны үшін айыппұл Валютамен есеп айырысу ережелерінде анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.
8. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларына, оның қамту шоттарында есепке алынатын, ақшаларды қайтару Валютамен есеп айырысу ережелерінде анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*.

38 бап.

Валюталық нарықта тәуекелдерді басқару жүйесі

1. Валюталық нарықтағы тәуекелдерді басқару жүйесі келесі элементтерден тұрады:
 - 1) валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының қаржылық жағдайына мониторинг, мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдісін анықтайтын, оған берілген санатпен белгіленген қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында, мерзімділік негізде өткізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды)*;
 - 2) валюталық нарықтың тәуекел-параметрлері:

Әдістемеге сәйкес сауда-саттық барысында он-лайн тәртіптемесінде есептелетін, шетел валюталарының есеп айырысу бағамы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылды)*;

Биржаның "Сауда-саттық регламенті және Растау жүйесінің жұмысы" атты ішкі құжатына сәйкес юбелгіленген, шетел валюталарының бағалары ауытқуының еңсерілетін шектелімдерінің мөлшерлемелері;

Әдістемеге сәйкес белгіленетін, шетел валюталарының бастапқы маржасының және пайыздық тәуекел мөлшерлемелері *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен толықтырылды)*;

Әдістемеге сәйкес белгіленетін, шетел валюталары бойынша шоғырлану шектелімдері;

Әдістемеге сәйкес белгіленетін, шетел валюталары бойынша шоғырлану мөлшерлемелері *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 28 мамырындағы шешімдерімен толықтырылды)*;

Қағидаға сәйкес Биржа Басқармасы жартылай қамтылған клирингілік қатысушыларға белгілейтін, маржаның жеке мөлшерлемелері *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)*.

- 3) Биржа Басқармасы белгілейтін, клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарды ашу шектелімдері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылды)*;
- 4) валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларының жасасқан мәмілелер бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелердің көлеміндегі қамтуының, сондай-ақ, сауда-саттық жүйесіне кіріктірме автоматтандырылған модульді қолданумен сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімді қанағаттандырғанда туындауы мүмкін міндеттемелерді жеткіліктілігін алдын ала бақылау;
- 5) нарықтық құны осы Ережелердің 39 бабының 6 тармағына сәйкес он-лайн тәртіптемесінде автоматтандырылған модульді қолданумен қайта есептелетін, жартылай қамтылған валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының маржалық қамтуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)*;
- 6) нетто-жайғасымдарды қайта бағалау, нарықтық тәуекелдерді бағалау және, осы Ережелердің 39 бабының 7 тармағына сәйкес, он-лайн тәртіптемесінде автоматтандырылған модульді қолданумен есептелетін, валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының нетто-жайғасымдарына қойылатын маржалық талаптарының көлемі;
- 7) осы Ережелердің 39 бабының 7 тармағына сәйкес, он-лайн тәртіптемесінде автоматтандырылған модульді қолданумен есептелетін, валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының маржалық қамтуының жеткіліктілігін бақылау;
- 8) валюталық нарықтың клирингілік сақтық қоры;
- 9) валюталық нарықтың клирингілік кепілдік қоры;
- 10) күнделікті валюталық нарықтың клирингілік кепілдік қорындағы валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау;
- 11) дефолттарды реттеу бойынша процедуралар;
- 12) Биржаның Орталық контрагент ретінде осы Ережелерге сәйкес валюталық нарықтың клирингілік қатысушылары алдында мәмілелер

бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершілігін шектеу.

2. валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының маржалық талаптарын орындау үшін маржалық қамту ретінде қабылданатын, қаржы құралдары болып табылады:
 - 1) теңге;
 - 2) АҚШ долларның сомасы маржалық талаптардың жалпы көлемінен 50 % аспайтындай *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 26 сәуіріндегі шешімімен толықтырылған)*.
3. Валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысы өзінің қамту шоттарында, сауда-саттық сессия барысында осы Ережелердің 39 бабына сәйкес есептелетін, бірыңғай шектелімінің мәні теріс мәнді болмайтын, маржалық талаптарды орындау мақсатында, ақшаның бар болуын қамтамасыз етуге міндетті.
4. Валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысы Биржадағы қамту шоттарында сақталатын, қаржы құралдарын қайтаруды талап етуге құқы жоқ, егер осындай ақшаны пайдалану оның валюталық нарықтағы бірыңғай шектелімінің мәні теріс мәнге келтірсе.
5. Маржалық қамтудың жеткіліктілігін тексеру нәтижесі бойынша бірыңғай шектелім теріс мәнді болған жағдайда, клирингілік есепте бірыңғай шектелімнің теріс мәні нәтижесінде пайда болған, маржалық қамтуды (margin call) толықтыру қажеттілігі туралы талап көрсетіледі.
6. Егер тексеру нәтижесінде кепілдік жарнаның көлемі бойынша талап орындалмаса, клирингілік есепте оны толықтыру қажеттілігі туралы талап көрсетіледі.
7. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген, маржалық қамтуды толықтыру туралы талапты клирингілік қатысушы осындай талап туындаған клирингілік күннен кешіктірмей орындауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған талап, бірыңғай шектелімнің мәні теріс оң мәнді болған сәттен бастап орындалды деп саналады.
8. Клирингілік кепілдік қорына аударылатын кепілдік жарналардың көлемі, оларды аудару және клирингілік қатысушыларға қайтару тәртібі осы Ережелердің 18 бабында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған)*.

39 бап.

Валюталық нарықтағы бірыңғай шектелім

1. Валюталық нарықта бірңғай шектелімді қолдану мақсаты валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының клирингілік шоты бойынша өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қажетті, маржалық қамтудың жеткіліктілігін өлшеу және деңгейін қолдау болып табылады.
2. Валюталық нарықтағы бірыңғай шектелім валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының меншікті шоты бойынша бөлек және клирингілік қатысушының клиенттік шоты бойынша (бар болса) бөлек есептеледі.
3. Валюталық нарықтағы бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушылардың клирингілік меншікті шоттары үшін де, клирингілік клиенттік шоттар үшін де бірдей.
4. Валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушыларының клирингілік шоты бойынша валюталық нарықтағы бірыңғай шектелімді

есептеу (қайта есептеу) клирингілік жүйеде клирингілік сессия барысында, сондай-ақ нақты уақыт тәртіптемесінде сауда-саттық сессиясы барысында кез келген жағдайлар туындаған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) клирингілік қатысушының сауда-клирингілік шоты бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесінде валюталық нарықтың қаржы құралын сатып алуға немесе сатуға өтінім қабылданғанда;
 - 2) клирингілік қатысушының сауда-клирингілік шоты бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесінде валюталық нарықтың қаржы құралын сатып алу немесе сату бойынша мәміле жасалғанда;
 - 3) ағымдағы есеп айырысу күніндегі нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптарды орындауды (тоқтауды) ескерумен, клирингілік сессиясының қорытындысы бойынша;
 - 4) валюталық нарықтың қаржы құралдары тәуекел-параметрлерінің мәні өзгергенде.
5. Белгілі бір клирингілік шот (меншікті немесе клиенттік) бойынша валюталық нарықтағы бірыңғай шектелімді есептеу келесідей формуламен жүзеге асырылады (осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған):

$$LV = MC - MT, \text{ мұнда:}$$

(Осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)

- LV – ұлттық валютада көрсетілген, валюталық нарықтағы бірыңғай шектелімнің мәні;
- MT – ұлттық валютада көрсетілген, маржалық талап (осы абзац *изменен решением Совета директоров Биржи от 29 января 2019 года*);
- MC – ұлттық валютада көрсетілген, маржалық қамтудың құны (осы абзац *изменен решением Совета директоров Биржи от 29 января 2019 года*).

6. Белгілі бір клирингілік шот үшін маржалық қамтудың құнын есептеу, қамту шоттарында тұрған, клирингілік шот үшін ашылған, теңгедегі, әр шетел валютасы үшін орнатылған, дисконттарды ескерумен, ақшаның жиынтық нарықтың құны ретінде есептеледі.

Маржалық қамтудың құны келесідей формуламен бағаланады:

$$MC = \min \left\{ \frac{Collateral(USD) \times RateBase_{USD} \times (1 - Rate_FXRisk_{USD})}{max_USD \times MT}, Collateral(KZT) \right\},$$

мұнда:

- MC – клирингілік шот бойынша қамту шоттарында тұрған, маржалық қамтудың құнын бағалау;
- MT – осы баптың 5 тармағына сәйкес анықталған, маржалық талаптар;
- Collateral(USD) – жартылай қамтылған клирингілік қатысушының белгілі бір (меншікті немесе клиенттік) клирингілік шоты үшін ашылған АҚШ долларындағы қамту шотында тұрған, АҚШ долларындағы қамтудың сомасы;
- max_USD – осы Ережелердің 38 тармағының 2) тармақшасында белгіленген, АҚШ долларындағы қамтудың максималды көлемі;

Collateral(KZT)	–	жартылай қамтылған клирингілік қатысушының белгілі бір (меншікті немесе клиенттік) клирингілік шоты үшін ашылған, теңгедегі қамту шотындағы қамтудың сомасы;
Rate_FXRisk _{USD}	–	АҚШ доллары бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесіне немесе, осы баптың 7 тармағының 2) тармақшасына сәйкес анықталатын, АҚШ доллары бойынша шоғырлану мөлшерлемесіне тең немесе, бар болса, маржаның жеке мөлшерлемесіне тең, дисконт;
RateBase _{USD}	–	Әдістемеге сәйкес белгіленген, АҚШ долларының базалық бағамы.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

7. Белгілі бір клирингілік шот бойынша маржалық талаптарды есептеу келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:

1) барлық есеп айырысу даталары бойынша барлық валюталар бойынша ағымдағы бағамдарға сәйкес нетто-жайғасымдардың қайта бағалауы келесідей формуламен жүзеге асырылады:

$$MTM(Netto) = \sum_{Ti=T0, T1...Tn} \left(\sum_{allCurr} Netto(Curr)_{Ti} \times Rate_Curr_{Ti} + Netto(KZT)_{Ti} \right), \text{ мұнда}$$

MTM(Netto)	–	mark-to-market – теңгемен көрсетілген, нетто-жайғасымдардың құнын қайта бағалау;
Ti	–	i-лік есептесу күніндегі нетто-жайғасымдарды есептеу датасы;
T0	–	ағымдағы сауда-саттық күнінің датасы;
T1	–	қандай да бір нетто-жайғасым бар, T0 есептесу датасынан кейінгі келесі дата;
Tn	–	қандай да бір нетто-жайғасым бар, есеп айырысудың соңғы күні;
allCurr	–	нетто-жайғасымдар бар, валюталардың барлы түрлері;
Netto(Curr) _{Ti}	–	сада-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша және, солар бойынша мәмілелер жасасу осы нетто-жайғасымның ең үлкен мәніне келтіретін, өтінімдер бойынша Ti есептесу датасындағы Curr белгілі бір шетел валютасы бойынша жиынтық нетто-жайғасымы, бұл ретте ұзын нетто-жайғасым (талап)"+" таңбасымен, ал қысқа нетто-жайғасым (міндеттеме) "-" таңбасымен ескеріледі;
Netto(KZT) _{Ti}	–	сада-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша және, солар бойынша мәмілелер жасасу осы нетто-жайғасымның ең үлкен мәніне келтіретін, өтінімдер бойынша Ti есептесу датасындағы KZT бойынша жиынтық нетто-жайғасымы, бұл ретте ұзын нетто-жайғасым (талап)"+" таңбасымен, ал қысқа нетто-жайғасым (міндеттеме) "-" таңбасымен ескеріледі;

$Rate_Curr_{T_i}$ – Әдістемеге сәйкес анықталатын, T_i датасына $Curr$ шетел валютасының KZT есеп айырысу бағамы;

(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

2) барлық шетел валюталары бағамдарының құбылмалығымен шартталған, осы шетел валюталарындағы Портфельдің валюталық тәуекелін есептеу.

Белгілі бір $Curr$ шетел валютасындағы Портфель, осы шетел валютасындағы жиынтық нетто-жайғасымдардың абсолюттік мәні ретінде келесідей формуламен анықталады:

$Portfolio(Curr) = ABS(Netto(Curr))$, мұнда

$Portfolio(Curr)$ – $Curr$ шетел валютасындағы Портфельдің көлемі;

$Netto(Curr)$ – $Curr$ шетел валютасындағы барлық есептесу даталары бойынша нетто-жайғасымдардың, келесідей формуламен есептелген, жиынтық мөлшері:

$$Netto(Curr) = \sum_{T_i=T_0..T_n} Netto(Curr)_{T_i}, \text{ мұнда}$$

$T_i, T_0, T_1, T_n, Netto(Curr)_{T_i}$ осы тармақтың 1) тармақшасында анықталған.

Белгілі бір валютадағы Портфель бойынша валюталық тәуекелдің көлемі, Портфель көлемінің, осы валютадағы нетто-жайғасымның көлеміне қарай, тиісті шетел валютасы бойынша валюталық тәуекел мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде анықталады:

$FXRisk(Curr) = Portfolio(Curr) \times Rate_Curr_{t+1} \times Rate_FXRisk_{Curr}$, мұнда

$FXRisk(Curr)$ – $Curr$ шетел валютасындағы Портфель бойынша валюталық тәуекелдің көлемі;

$RateBase_Curr$ – $Curr$ шетел валютасының KZT-ға базалық бағамы;

$Rate_FXRisk_{Curr}$ – $Curr$ шетел валютасы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесі және, $Curr$ валютасындағы барлық есеп айырысу даталары бойынша жиынтық нетто-жайғасымының абсолютты үлкендігінің көлеміне қарай, шетел валютасы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі:

$$Rate_FXRisk_{Curr} = \begin{cases} MR_{Curr}, & \text{если } Rate_FXRisk_{Curr} < Limit_Curr \\ ConcR_{Curr}, & \text{если } Rate_FXRisk_{Curr} \geq Limit_Curr \end{cases}$$

MR_{Ind} мұнда:

$Limit_Curr$ – осы Ережелердің 13 бабына сәйкес анықталатын, $Curr$ шетел валютасы бойынша шоғырлану шектелімі;

MR_{Curr} – осы Ережелердің 12 бабына сәйкес анықталатын, $Curr$ шетел

валютасы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесі;

ConcRCurr – осы Ережелердің 14 бабына сәйкес анықталатын, Curr шетел валютасы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі;

MR_{Ind} – маржаның жеке мөлшерлемесі.

Барлық шетел валютадағы Портфель бойынша валюталық тәуекелдің жиынтық көлемі әр Curr шетел валютасындағы Портфель бойынша валюталық тәуекел көлемінің сомасына тең:

$$FXRisk = \sum_{allCurr} FXRisk(Curr), \text{ мұнда}$$

allCurr – осы тармақтың 1) тармақшасында анықталған;

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

3) своп операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалығымен шартталған, клирингтік шот бойынша Портфельдің пайыздық тәуекелінің мөлшерін есептеу.

Білгілі бір есеп айырысу датасындағы белгілі бір валютадағы Портфель бойынша пайыздық тәуекелдің көлемі, осы валютадағы нетто-жайғасымның көлемінің тиісті шетел валютасы бойынша, осы валютадағы нетто-жайғасымның көлеміне тәуекелді, пайыздық тәуекелдің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде анықталады:

$$IRisk(Curr) = \sum_{Ti=T0..Tn} Netto(Curr)_{Ti} \times Rate_Curr_{Ti} \times \frac{RateIRisk_Curr_{Ti}}{365} \times (Ti - T0), \text{ мұнда}$$

IRisk(Curr) – Curr шетел валютасындағы Портфель бойынша пайыздық тәуекелдің көлемі;

Netto(Curr)_{Ti} – осы тармақтың 1) тармақшасында анықталған;

Rate_Curr_{Ti} – Әдістемеге сәйкес Ti есептесу датасына Curr шетел валютасының есептесу бағамы.

RateIRisk_Curr_{Ti} – Curr шетел валютасы бойынша тәуекелдің пайыздық мөлшерлемесі немесе, тиісті валютадағы барлық есеп айырысу даталар бойынша абсолюттық жиынтық нетто-жайғасымдардың көлеміне қарай, Curr шетел валютасы бойынша шоғырланудың пайыздық мөлшерлемесі.

$$RateIRisk_Curr_{Ti} = \begin{cases} IR_Curr_{Ti}, \text{ если Portfolio}(Curr) < Limit_Curr \\ ConcIR_Curr_{Ti}, \text{ если Portfolio}(Curr) \geq Limit_Curr \end{cases}, \text{ мұнда}$$

Portfolio(Curr) – осы тармақтың 2) тармақшасында анықталған;

Limit_Curr – осы тармақтың 2) тармақшасында анықталған;

IR_CurrTi – Әдістемеге сәйкес анықталатын, Ti есептесу датасы үшін Curr шетел валютасы бойынша

тәуекелдің пайыздық
мөлшерлемесі;

ConclR_CurrTi – Әдістемеге сәйкес анықталатын, Ti есептесу датасы үшін Curr шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекелдің мөлшерлемесі.

Барлық шетел валюталардағы Портфель бойынша пайыздық тәуекелдің жиынтық көлемі әр шетел валютасындағы Портфель бойынша пайыздық тәуекел көлемдерінің сомасына тең.

$$IRisk = \sum_{allCurr} IRisk(Curr)$$

(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

- 4) белгілі бір клирингілік шот бойынша маржалық талаптар нетто-жайғасымдардың құнын қайта бағалау, валюталық тәуекелдің көлемі және пайыздық тәуекелдің көлемінің сомасы ретінде келесі формуламен есептеледі:

$$MT = \min \begin{cases} -MTM(Netto) + FXRisk + IRisk \\ 0 \end{cases}$$

MT белгілеуі осы баптың 5 тармағында, ал MTM(Netto), FXRisk және IRisk белгілеулері осы тармақтың тиісінше 1), 2) және 3) тармақтарында анықталған.

(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанында, 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген.)

8. Клирингілік шоттың маржалық қамтуының жеткіліктілігін бақылау мақсатында бірыңғай шектелімнің мәні теріс мәнді болмауы тиіс .

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген, бірыңғай шектелімнің мәні теріс мәнді болған жағдайда, осы Ережелердің 38 бабының 5 тармағына сәйкес, клирингілік қатысушының маржалық қамтуды толықтырып аудару қажеттілігі (margin call) туралы талап қолданылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

40 бап.

Клирингілік қатысушыны валюталық нарықта дәрменсіз деп мойындау

1. Клирингілік бөлімше валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын дәрменсіз деп келесідей жағдайларда дефолтқа жол берген кезде мойындайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Валюталармен есептесу ережелеріне сәйкес, Биржаның корреспонденттік шоттарына клирингілік қатысушы ұлттық немесе шетел валютасын аударуы тиіс уақытқа дейін (бұдан әрі – КҚ нетто-есептесуінің уақыты), осы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшаның жеткілікті санының болмауы (нетто-міндеттемелердің дефолты) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 2) Валюталармен есептесу ережелеріне сәйкес, валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысының қамту шоттарында

маржальық талаптарды орындау үшін қажетті ақшаның жеткілікті санының болмауы (маржа бойынша дефолт) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысы, 28 баптың 3 тармағында белгіленген мерзімде, кепілдік жарнаны қалпына келтіру бойынша талапты орындамауы (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын нетто-міндеттемелер дефолты жағдайында дәрмесіз деп мойындау келесідей шарттармен жүзеге асырылады:
 - 1) осы Ережелердің 19 бабы 1-1 және 1-2 тармақтарының шарттарын орындау;
 - 2) алдыңғы есеп айырысу күнінде жүзеге асырылған, жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесінің дефолты бойынша жайғасымды ауыстыру, осы Ережелердің 41 бабының 2 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген (бар болған жағдайда), әдістен басқа амалмен жүзеге асырылған.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

3. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 19 бабында анықталған, жалпы әрекеттерді жүзеге асырады.
4. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында жосықсыз деп мойындағанда, Биржа осы Ережелердің 41 бабына сәйкес есептесу күнінен кейінгі келесі күні жосықсыз клирингілік қатысушының Биржаның алдында нетто-міндеттемесін орындамауы себебінен адал клирингілік қатысушының алдында Биржаның орындалмай қалған нетто-міндеттемесін ауыстыру мақсатында Биржаның своп операциясын жасасуын қарастыратын, жайғасымды ауыстыру процедурасын Биржа жүзеге асырады.
5. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен алып тасталды)*.
6. Осы баптың 1 тармағында аталған жағдайлардың кез келгені бойынша дефолт туындаған кезде, Биржаның клирингілік бөлімшесі дефолт туындаған күннен кейінгі келесі клирингілік күннің 10.00 ALT Биржа Басқармасының қарауына, Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, жосықсыз клирингілік қатысушысы болып табылатын Биржа мүшесін қаржы құралдардың барлық немесе кейбір түрлерінің саудасаттықтарынан шеттету туралы және/немесе клирингілік қатысушының "жартылай қамтылған" санатын "толық қамтылған" санатына ауыстыру туралы және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтату туралы және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз клирингілік қатысушы деп мойындау туралы сұрақты шығарады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

41 бап.

Валюталық нарықта жайғасымды ауыстыру процедурасы

1. Нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындағанда, жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеу үшін Биржа келесі әрекеттерді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның*

Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген):

- 1) нетто-есептесулер уақытынан кейін 30 минут барысында жосықсыз клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындау туралы барлық қолжетімді амалмен хабарлау;
- 2) жосықсыз клирингілік қатысушы қамту шоттарына аударған бос қаражаттар есебінен осы жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін өтейді және/немесе, осы баптың 3 тармағына сәйкес, осы жосықсыз клирингілік қатысушының атынан своп операцияларын жасасады.

Биржа адал клирингілік қатысушылардың алдында орындалмаған нетто-міндеттемелерді реттеу сәтіне дейін нетто-міндеттемелерді төлеу үшін ақша аударылса, Биржа осы тармақшаның бірінші абзацында сипатталған әрекеттерді орындауды болдырмауға құқылы.

2. Адал клирингілік қатысушылардың алдында Биржаның нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында, Биржа төменде берілген амалдардың бірімен реттеуді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген):*

- 1) Биржа Провайдер-Банкпен, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, своп операциясын жасасады;
- 2) Ұлттық Банкпен, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, своп операциясын жасасады;
- 3) Ұлттық Банктің Биржаға орталық контрагент ретінде Биржаның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоты бойынша "овердрафт" несиесін ұсыну арқылы;
- 4) меншікті қаржылары есебінен;
- 5) Ұлттық Банкпен немесе Банк-провайдермен своп операциясын жасасу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 22 бабына сәйкес бөлу процедурасын жүзеге асырып, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, бөлу процедурасын өткізу нәтижелері бойынша анықталған, өзінің алдында орындалмаған нетто-міндеттемелердің сомасына адал клирингілік қатысушының атынан әр адал клирингілік қатысушысымен своп операциясын жасасады.

3. Биржаның алдындағы жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесін ауыстыру Биржа мен жосықсыз клирингілік қатысушының арасында, оның атынан әрекет ете отырып, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, бірақ қарама-қарсы бағыттағы (Биржаның орындалмаған нетто-талабы көрсетілген, Биржаның жосықсыз клирингілік қатысушыға қаржы құралын сату бағытында) своп операцияларын жасасу арқылы жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

4. Адал клирингілік қатысушының алдында Биржамен орындалмаған міндеттемесін ауыстыру мақсатындағы жасалатын своп операциясын Биржа келесі шарттармен жүзеге асырады:

- 1) есеп айырысу мерзімі ертерек своп операциясы бойынша міндеттемелерді орындау датасы деп, жосықсыз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы қарсылама нетто-міндеттемелерді орындамау күні болып табылады;
- 2) своп операциясының мерзімі – бір күн;

- 3) есеп айырысу мерзімі кейінірек своп операциясының мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау датасы деп, своп ашылу мәмілесінің датасынан кейінгі, есептесу датасы болып табылады;
 - 4) своп ашылу мәмілесінің көлемі жосықсыз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы орындалмаған нетто-міндеттемесінің көлеміне тең. Бұл ретте, лоттың еселілігінен туындайтын, дөңгелектеу көбейту жағына қарай жасалады;
 - 5) своп операциясы, жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесі көрсетілген, қаржы құралын сатып алу бағытында жүзеге асырылады;
 - 6) своп ашылу мәмілесінің бағамы, Биржаның "Валюталық своп операциясының маманданымы" атты ішкі құжатына сәйкес есептелетін PгісЕ_{OPEN}, своп операциясының ашылу мәмілесінің бағасына тең болып орнатылады;
 - 7) своп операциясының бағасы, жайғасымды ауыстыру нысаны болып табылатын нетто-міндеттемесін құрайтын, валюталар үшін Әдістемеге сәйкес белгіленген, SD дефолтын реттеу мөлшерлемесіне тең.
5. Биржа, өзімен жасалатын мәмілелерге қатысты жосықсыз, сондай-ақ, адал клирингілік қатысушының атынан әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес арнайы өкілеттіліксіз (сенімхатсыз), сондай-ақ клирингілік қатысушының келісімісіз, мәмілеледі жасасу үшін қажетті барлық заңды және нақты әрекеттерді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Осы бапқа сәйкес жайғасымды ауыстыру үшін жүзеге асырылған, жосықсыз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал клирингілік қатысушылар, олардың атынан Биржамен жасалған барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Биржа валюталық нарықтағы жосықсыз клирингілік қатысушыға осы Ережелердің 29 бабы 5 тармағының 1) тармақшасына сәйкес жайғасымды ауыстыру процедурасын қолданғаны үшін, төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемін есептейді.
8. Биржа, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес белгіленген, тұрақсыздық төлемін/айыппұлдарды төлеу үшін валюталық нарықтағы жосықсыз клирингілік қатысушының қамтуын және/немесе кепілдік жарнасын пайдалануға құқылы.

42 бап.

Клирингілік қатысушыны валюталық нарықта дәрменсіз деп мойындау

1. Клирингілік бөлімше Биржа Басқармасының қарауына валюталық нарықтың жосықсыз клирингілік қатысушысын 20 баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақты, келесі жағдайлардың кез келгені туындаған жұмыс күннің 10.00 ALT кешіктірмей шығарады:
 - 1) осының алдындағы екі клирингілік күн қатарынан жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолты туындағанда;
 - 2) маржалық қамту бойынша талаптың туындаған күннен кейінгі келесі клирингілік күннің 9.30 ALT дейін маржалық қамтуды толықтырып аудару бойынша талаптың орындалмауы/толық орындалмауы жағдайында *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) осы ережелердің 28 бабының 3 тармағына сәйкес кепілдік жарнаны аудару бойынша міндеттемені орындауға міндетті болған күннен кейінгі келесі клирингілік күннің 9.30 ALT дейін осы міндеттемені орындамау/толық орындамау жағдайында.
2. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 21 бабына сәйкес дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асырады.

6 тарау. ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

43 бап. Деривативтер нарығының ерекшеліктері

1. Биржа деривативтер нарығында фьючерстер секциясындағы туынды қаржы құралдарымен Орталық контрагент функцияларын жүзеге асырады.
2. Биржа акцияларға фьючерстер мен валютаға фьючерстермен жасалған мәмілелер бойынша бірыңғай клирингілік жүзеге асырады.
3. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысына бір меншікті және саны шектелмеген сегрегацияланған/агрегацияланған клиенттің клирингілік шоттар ашылады.
4. Деривативтер нарығында жасалған мәмілелер туралы ақпараттарды салыстырып тексеру, осы Ережелердің 6 бабына сәйкес клирингілік есептер алынған күнінде 16.30 ALT кешіктірмей, деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларымен жүзеге асырылады.
5. Биржа деривативтер нарығының жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті қамту шоттарындағы маржалық жарналарды және/немесе кепілдік жарналарын осы клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы кез келген қарызын (соның ішінде тұрақсызды төлемін/айыппұлдарын) төлеу үшін пайдалануға құқылы.

44 бап. Деривативтер нарығының тәуекелдерін басқару жүйесі

1. Деривативтер нарығындағы тәуекелдерді басқару жүйесі келесі элементтерден тұрады:
 - 1) Әдістемеге сәйкес анықталған, деривативтер нарығының тәуекел-параметрлері:
 - туынды қаржы құралының есептесу бағасы;
 - туынды қаржы құралыдары бағасының өзгеру шектелімдерінің мөлшерлемесі;
 - туынды қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемелері;
 - туынды қаржы құралының жұбы бойынша жан-жаққа бағытталған жайғасымдар үшін бастапқы маржаның мөлшерлемелері;
 - 2) осы ережелердің 47, 48, 49 баптарына сәйкес есептелетін, маржалық жарналардың бірнеше түрінен тұратын, жартылай қамтылған деривативтер нарығының клирингілік қатысушылардың маржалық қамтуы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 3) мәмілелер жасасуға өтінімдер беру сәтінде сауда-саттық жүйесіне кіріктірмелі автоматтандырылған модульді қолданумен жартылай қамтылған деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының

- меншікті және/немесе клиенттік қамту шоттарындағы маржалық жарналардың жеткіліктілігін бақылау;
- 4) клирингтік қатысушының жайғасымдар ашу шектелімдері;
 - 5) деривативтер нарығының клирингтік кепілдік қоры;
 - 5-1) деривативтер нарығының клирингтік қатысушыларының кепілдік жарналарының жеткіліктілігін күнделікті бақылау *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 6) деривативтер нарығының клирингтік сақтық қоры;
 - 7) дефолттарды реттеу бойынша процедуралар;
 - 8) осы Ережелердің 24 бабына сәйкес жартылай қамтылған деривативтер нарығының клирингтік қатысушысының алдында мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша Биржаның Орталық контрагент ретінде жауапкершілігін шектеу *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Туынды қаржы құралдары бағаларының өзгеру шектелімдерін орнату/өзгерту тәртібі "Биржа солармен клирингтік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарының баға өзгеру шектелімдерінің шектерін өзгерту тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
 3. Жайғасымдар ашу шектелімін клирингтік бөлімше деривативтер нарығының әр клирингтік қатысушысына жеке осы қатысушының ағымдағы қаржылық жағдайына қарай есептейді және Комитет бекітеді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
 4. Осы баптың 3 тармағында аталған, жайғасым ашу шектелімін есептеу тоқсан сайын, келесі формуламен жүзеге асырылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:

$$LO = E \times S, \text{ мұнда}$$

- LO – клирингтік қатысушының жайғасым ашу шектелімі;
- E – соңғы есептік кезеңнің қорытындысы бойынша клирингтік қатысушының меншікті капиталының мөлшері;
- S – осы Ережелердің 1 қосымшасына сәйкес осы клирингтік қатысушының рейтингіне қарай белгіленген және пайызбен көрсетілген, мөлшерлеме.

45 бап. Деривативтер нарығындағы есеп айырысулар

1. Биржа деривативтер нарығында жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы болып табылады.
2. Деривативтер нарығында жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін клирингтік қатысушылардың Қазақстан республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған және Биржаның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттары қолданылады.
3. Деривативтер нарығының клирингтік қатысушыларының маржалық жарналарын шегеру және қосу, "Деривативтер нарығындағы саудасаттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, жүзеге асырылады.

4. Клирингілік қатысушыдан келіп түсетін маржалық жарналарды дұрыс есепке алу үшін, клирингілік қатысушы төлем тапсырмасында "төлем мақсаты" графасында – "деривативтер нарығының маржалық жарнасы" деп көрсетуі тиіс.
5. Биржа маржалық жарналарды шегеруді, "Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес құрастырылған, клирингілік қатысушының өкімі негізінде жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, клирингілік қатысушының өкімі клирингілік күннің 16.00-ден 18.00 ALT аралықта Биржаға ұсынылады.

Клирингілік қатысушыға ақшаны аудары, осындау аудару туралы өкім алған күннен кейінгі келесі жұмыс күннің 09.45 ALT дейін жүзеге асырылады.

Клирингілік қатысушының деривативтер нарығында ашылған жайғасымдары болған жағдайда, өкімде көрсетілген сома бастапқы маржадан ағымдағы маржалық жарналардың арту сомасынан аспауы тиіс (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

Осы тармақтың төртінші абзацында аталған, талап, туынды қаржы құралдары бойынша ашылған жайғасымдары және орындалмаған міндеттемелері жоқ, клирингілік қатысушыларға қатысты қойылмайды.

6. Күн сайын клирингілік сессияны өткізгенде Биржа клирингілік қатысушының клирингілік шоттары (меншікті және клиенттік) бойынша ашылған жайғасымдарды қайта бағалайды және нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді анықтайды.
7. Клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын орындау "Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

46 бап.

Деривативтер нарығындағы маржалық қамту

1. деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоты бойынша маржалық қамтуы маржалық жарнаны аудару бойынша міндеттеме болып табылады.
2. Маржалық қамту ұлттық валютада есептеліп, келесідей элементтерден тұрады:
 - 1) бастапқы маржа;
 - 2) түрлендірілмелі маржа;
 - 3) қолдаулы маржа.
3. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының маржалық жарнасы ретінде қабылданатын, қаржы құралы теңге болып табылады.
4. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының бастапқы, түрлендірілмелі және қолдаулы маржасының көлемі, осы Ережелердің 47-49 баптарында белгіленген тәртіпте, Биржа клирингілік сессияны өткізуі барысында, Биржамен анықталады.
5. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысынан келіп түсетін, маржалық жарналарды есепке алу үшін, Биржа келесідей есепке алу шоттарын ашады және жүргізеді:
 - 1) клирингілік қатысушының меншікті маржалық жарналары есепке алынатын, меншікті қамту шоты.

деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының меншікті маржалық жарналары деп жартылай қамтылған клирингілік қатысушының меншікті қамту шоттарында тұрған және осы клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шоттары бойынша нетто-жайғасымдары бойынша міндеттемелерді орындауды қамту үшін арналған, ақша сомасы тұспалданады;

- 2) нарықтың клирингілік қатысушысының клиенттік маржалық жарналарының сегрегацияланған (агрегацияланған) сомасы есепке алынатын, клиенттік қамту шоты.

Клиенттік маржалық жарналар деп, клиенттік қамту шоттарында тұрған және клиенттің клирингілік шоттары бойынша нетто-жайғасымдар бойынша осы клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін арналған, ақша сомасы тұспалданады.

47 бап.

Бастапқы маржа

1. Нетто-жайғасым үшін бастапқы маржаның көлемі осы жайғасымның туынды қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесіне немесе туынды қаржы құралдарының тобы бойынша жан-жаққа бағытталған жайғасымдар үшін бастапқы маржаның мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде анықталады.
2. Туынды қаржы құралдарының топтары Комитетпен белгіленеді. Туынды қаржы құралдарының тобына базалық активтері бірдей, бірнеше жоғары корреляцияланған туынды қаржы құралдар кіреді, олармен ашылған көлемі бірдей (туынды қаржы құралдарының санында) жан-жаққа бағытталған жайғасымдар осы жайғасымдардың жиынтық құнының нарықтық тәуекелін төмендетуге жеткізеді.
3. Клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша бастапқы маржа келесі мәндердің сомасы болып табылады:
 - 1) оқшауланған жайғасымдар бойынша (әр туынды қаржы құралы үшін) – қаржы құралының бастапқы маржасы мөлшерлемесінің осы туынды қаржы құралы бойынша нетто-жайғасымына көбейтіндісі.

Бұл ретте, туынды қаржы құралдарының тобына кірмейтін, туынды қаржы құралы бойынша оқшауланған жайғасым деп, немесе, туынды қаржы құралына кіретін, өзге туынды қаржы құралымен қарама-қарсы жайғасымы жоқ, туынды қаржы құралдарының тобына кіретін, туынды қаржы құралы бойынша жайғасымды түсіну керек;
 - 2) туынды қаржы құралының тобымен бірдей көлемдегі жан-жаққа бағытталған жайғасымдар бойынша – туынды қаржы құралдарының тобы бойынша бастапқы маржасының, туынды қаржы құралдарының осы тобына кіретін, туынды қаржы құралдарының есептік бағаларының сомасына және жан-жаққа бағытталған жайғасымдарының бірінің көлеміне көбейтіндісі.

48 бап.

Түрлендірілмелі маржа

1. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоты бойынша нетто-жайғасымды анықтау үшін Биржа түрлендірілмелі маржаны пайдаланады.
2. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоты үшін түрлендірілмелі маржаны Биржа клирингілік сессиясы барысында әр қаржы құралы бойынша нетто-жайғасым үшін анықталған түрлендірілмелі маржаның сомаларынан құралады.
3. Түрлендірілмелі маржаны есептегенде мынадай формуланы қолданады:

- 1) ұзын жайғасым үшін түрлендірілмелі маржаны есептегенде (туынды қаржы құралын сатып алушысы үшін) –

$$VM = (P - P_p) \times N \times (S_{tick} \div tick), \text{ мұнда}$$

VM – түрлендірілмелі маржа;

P_p – осы қаржы құралы бойынша ашылған, жайғасымның ағымдағы бағасы;

P – ағымдағы күннің биржалық сауда-саттығы нәтижесінде қалыптасқан, туынды қаржы құралының есеп айырысу бағасы;

N – туынды қаржы құралы бойынша ашылған, жайғасымның көлемі;

S_{tick} – осы туынды қаржы құралының маманданымында анықталған, туынды қаржы құралы бағасының минималды өзгеруінің құндық бағалауы;

tick – осы туынды қаржы құралының маманданымында анықталған, туынды қаржы құралы бағасының минималды өзгеруі;

- 2) қысқа жайғасым үшін түрлендірілмелі маржаны есептегенде (қаржы құралының сатушысы үшін) –

$$VM = (P_p - P) \times N \times (S_{tick} \div tick).$$

Белгілері осы тармақтың 1) тармақшасында анықталған.

4. Қаржы құралы бойынша ағымдағы бағасының мәні:

1) ағымдағы күннің барысында ашылған, жайғасым үшін – осы қаржы құралымен жасалған, мәміленің бағасына;

2) ағымдағы күннен бұрын ашылған, жайғасым үшін – алдыңғы клирингілік күннің соңында орнатылған, есеп айырысу бағасына тең.

5. Теріс мәнді түрлендірілмелі маржа маржалық жарна бойынша нетто-талапты азайтады, оң мәнді түрлендірілмелі маржа маржалық жарна бойынша нетто-талапты үлкейтеді.

49 бап.

Қолдаулы маржа

1. Қолдаулы маржаны қолданудың мақсаты маржалық жарналардың жеткіліктілік деңгейін қолдау болып табылады.
2. Қолдаулы маржа клирингілік қатысушының бастапқы маржа бойынша міндеттемесінен 80 % көлемінде белгіленеді.
3. Қолдаулы маржа, деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының Биржадағы қамту (меншікті немесе клирингілік) шоттында болуы тиіс, маржалық жарна бойынша міндеттеме болып табылады.

Егер банктік шоттағы клирингілік қатысушының есептесу ұйымындағы банктік шотындағы ақша сомасы қолдаулы маржаның көлемінен кем болса, клирингілік қатысушының бастапқы маржа бойынша міндеттеме деңгейіне дейін жеткізіп қосымша аударуы бойынша міндеттемесі пайда болады, осындай міндеттеме пайда болған күннен кейінгі келесі клирингілік күні сағат 9.30 ALT кешіктірмей орындалуы тиіс.

50 бап. Клирингілік қатысушыны деривативтер нарығында жосықсыз деп мойындау

1. Клирингілік бөлімше деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп, кез келген келесі жағдайлар бойынша дефолтқа жол бергенінде, мойындайды:
 - 1) есептесу күнінің 17.15 ALT дейінгі мерзімде түрлендірілмелі маржа бойынша міндеттеменің орындалмауы (нетто-міндеттемелердің дефолты);
 - 2) осы Ережелердің 49 бабының 3 тармағында белгіленген мерзімде, қолдаулы маржа бойынша маржалық жарнаны толықтыру бойынша міндеттеменің орындалмауы (маржа бойынша дефолт);
 - 3) осы Ережелердің 28 бабының 3 тармағында белгіленген мерзімде, жартылай қамтылған валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы кепілдік жарнаны қолпына келтіру бойынша міндеттемені орындамауы (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындаған жағдайда, осы Ережелердің 19 бабында анықталған, жалпы әрекеттер және, осы бапта анықталған, әрекеттерді жүзеге асырады.
3. Нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындағанда, клирингілік қатысушы клиенттік клирингілік шотты меншікті шотқа немесе өзге клиенттік клирингілік шотқа ауыстыруға құқылы.

Егер осындай ауыстыру клирингілік сессияны ұзартуды/қайталап өткізуді тұспалдаса, шотты ауыстыруға сауал жолдаған, клирингілік қатысушы осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес, клирингілік сессияны ұзарту/қайталап өткізу туралы өтініш беруге тиіс. Клирингілік сессия ұзартылған/қайталап өткізілген жағдайда Биржа "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталатын тәртіпте және көлемде тұрақсыздық төлемін өтеп алады.
4. Клирингілік қатысушы өзін жосықсыз клирингілік қатысушы деп мойындалғаны туралы ескертпесін алғаннан кейін 30 минут барысында, осы баптың 3 тармағында белгіленген, құқықтарын пайдаланбаса және Биржаға өз міндеттемелерін ағымдағы күн барысында басқа да орындау мүмкіндігі туралы хабарламаса, Биржа клирингілік бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен, дефолт пайда болған клиенттік клирингілік шотты клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотына ауыстыру туралы шешім қабылдауға және, клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында қаржы құралдары жеткілікті болған жағдайда, есеп айырысуларды жүзеге асыруға құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
5. Нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында деривативтер нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындаған жағдайда, Биржа, осы Ережелердің 51 бабына сәйкес, есеп айырысулардан кейінгі келесі есептесу күніне, Биржаның алдында адал клирингілік қатысушының ұқсас міндеттемесін орындамаумен байланысты туындаған, адал клирингілік қатысушының алдында Биржаның орындалмаған міндеттемесін ауыстыру мақсатында, жайғасымды ауыстыру процедурасын жүзеге асырады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Жайғасымдарды ауыстыру процедурасы қатарынан екі есептесу күннен аспауы тиіс (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

7. Клирингілік бөлімше, нетто-міндеттемелердің дефолтынан кейінгі келесі күннің 10.00 ALT кешіктірмей, Биржа Басқармасының қарауына клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін, "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның ішкі нормативтік құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарынан шеттету және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақтар шығарылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
8. Биржа Басқармасы, адал клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелер бойынша талаптарды орындауды ауыстыруға келісімі болған жағдайда, деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының дефолты болуы мүмкін, есеп айысыру күндердің мерзімін ұлғайту туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы баптың 6 тармағының шарттары қолданылмайды.
9. Жосықсыз клирингілік қатысушы осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес маржалық қамтуды толықтырып аудару туралы талап бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда, клирингілік бөлімше дефолт туындаған күннің 10.00 ALT дейінгі мерзімде Басқарманың қарауына клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін, "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның ішкі нормативтік құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарынан шеттету және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақтар шығарылады.
10. Жосықсыз клирингілік қатысушы осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес кепілдік жарнаны толықтырып аудару туралы талап бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда, клирингілік бөлімше дефолт туындаған күннің 10.00 ALT дейінгі мерзімде Биржа Басқармасының қарауына клирингілік қатысушы – Биржа мүшесін, "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның ішкі нормативтік құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарынан шеттету және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақтар шығарылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

51 бап. Деривативтер нарығында жайғасымды ауыстыру процедурасы

1. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында жосықсыз деп мойындағанда Биржа келесідей әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) дефолт туындаған күннің 17.30 ALT дейінгі мерзімде Биржа адал клирингілік қатысушыны нетто-міндеттемелердің дефолты туындағаны туралы хабарлап, жосықсыз клирингілік қатысушыдан есеп айырысуды ауыстыру туралы сауалы болған жағдайда, түрлендірілмелі маржа бойынша орындалмаған нетто-талаптың сомасы бойынша есеп айырысуды есептесудің келесі күнінен ауыстыруға келісімін алуға сауал жібереді;
 - 2) осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген, адал клирингілік қатысушысының келісімі болған жағдайда, Биржа бөлу процедурасын, есептесу процедурасын жүзеге асырып, түрлендірілмелі маржа бойынша адал клирингілік қатысушының алдында нетто-талаптың орындалмай қалған сомасы бойынша есептесуді келесі есеп айырысу күніне ауыстырады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);

- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген, адал клирингілік қатысушының келісімі болмаған жағдайда, немесе жосықсыз клирингілік қатысушының есептесуді ауыстыруға сауалы болмаған жағдайда, Биржа бөлу процедурасын, есептесу процедурасын жүзеге асырып, түрлендірілмелі маржа бойынша адал клирингілік қатысушының алдында нетто-талаптың орындалмай қалған сомасы бойынша есептесуді келесі есеп айырысу күніне ауыстырады. Клирингілік бөлімше Биржа Басқармасының қарауына нетто-міндеттеменің дефолты туындаған күннен кейінгі күннің 10.00 ALT кешіктірмей деривативтер нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын дәрменсіз деп мойындау сұрағын шығарады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржа жосықсыз клирингілік қатысушысына осы Ережелердің 29 бабы 5 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемін есептейді.
3. Биржа адал клирингілік қатысушысына, осы Ережелердің 29 бабының 7 тармағына сәйкес, өзінің қарсылама міндеттемесін орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемін, жосықсыз клирингілік қатысушысы төлеген жағдайда немесе дефолтты реттеу процедураларды өткізуге сәйкес кепілдік жарналар есебінен төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

52 бап.

Клирингілік қатысушыны деривативтер нарығында дәрменсіз деп мойындау

1. Клирингілік бөлімшесі, осы Ережелердің 20 бабы 1 тармағының 1) тармақшасындағы негіздер бойынша келесі жағдайлардың кез келгені туындаған жұмыс күннің 10.00 ALT кешіктірмей, деривативтер нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын дәрменсіз деп мойындау туралы сұрақты Биржа Басқармасының қарауына шығарады:
 - 1) осының алдындағы екі жұмыс күн қатарынан жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелер дефолты туындаған жағдайда немесе осы Ережелердің 51 бабы 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес;
 - 2) маржалық қамту бойынша талап туындаған күннен кейінгі екінші клирингілік күннің 9.30 ALT дейін, осы талаптың орындалмауы/тиісті орындалмауы жағдайында;
 - 3) кепілдік жарнаны толықтыру бойынша талап туындаған күннен кейінгі келесі клирингілік күннің 9.30 ALT дейін, осы талаптың орындалмауы/тиісті орындалмауы жағдайында.
2. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 21 бабына сәйкес дефолтты реттеу туралы процедураларды жүзеге асырады.

7 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

53 бап.

Биржаның жауапкершілігі

1. Биржа, өзіне орталық контрагент функциясын ала отырып, осы Ережелердің 24 бабында және осы баптың 2-5 тармағында белгіленген, шектеулерді ескерумен, әр адал клирингілік қатысушының алдында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын, басқа

клирингілік қатысушының Биржаның алдында өз міндеттемелерін орындау-орындамауына қарамастан, кепілдейді.

2. Биржа, орталық контрагент функциясын орындамайтын, клирингілік ұйым ретінде, осы баптың 3 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен, жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.
3. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің орындалмауы үшін Биржаның жауапкершілігі, сондай-ақ Биржаның жауапкершілігі клирингілік қатысушыларға қандай да бір клирингілік қатысушының дефолты салдарынан болған шығындары мен залалын өтеуі қалыптасқан клирингілік сақтық қорларының көлемімен шектеліп, осы Ережелерде белгіленген, шектеулерді ескерумен, шектеледі.
4. Биржа, оның бақылау шектерінен тыс зарте туындаған, сондай-ақ келесі жағдайлар мен оқиғалар нәтижесінде болған, шығындар мен залалдар үшін жауапты болмайды:
 - 1) еңсерілмейтін күштер (форс-мажор оқиғасы) салдарынан немесе Биржаның жауапкершілігін бақылау аймағынан тыс тұрған, өзге оқиғалар салдарынан жаңылыстардың болуы;
 - 2) клирингілік қатысушылардың клирингілік қызмет көрсету туралы келісім шартқа және Ережелерге сәйкес өз міндеттемесін тиісті орындамауы;
 - 3) техникалық проблемалар, бағдарламалық-техникалық кешеннің жартылай немесе толық тұрақсыздығы, сауда-саттық, клирингілік және есептесу процедураларын жүзеге асырғанда енгізу-шығару процедураларының қателері, өкім қателерінің, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша ұсынылған қамтуларды басқару қателері салдарынан.

Осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген, нормалар қолданылмайды, егер тйындаған шығындар мен залал Биржаның қасақана әрекеттері немесе рұқсат етілмейтін ағаттығы немесе Биржаның ішкі құжаттарының қағидаларын тікелей бұзушылығы болып табылса;
 - 4) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттеменесін, Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі мәжбүрлі жоюды жүзеге асыру сәтінде қолданыста болған бағалар бойынша, мәжбүрлі жоюды жүзеге асыру.
5. Клирингілік қатысушылардың, соның ішінде дәрменсіз клирингілік қатысушылардың, осы баптың 4 тармағында аталған шығындары немесе залалы бөлігіндегі кінәрат-талаптарын Биржа қабылдамайды.

54 бап.

Клирингілік қатысушыларға және Ұлттық Банкке есеп беру тәртібі

1. Клирингілік сессияның қорытындысы бойынша Биржа клирингілік қатысушыларға eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы клирингілік есептерді жолдайды.
2. Клирингілік сессияның қорытындысы бойынша клирингілік қатысушыға ұсынылатын, клирингілік есеп келесі ақпараттарды қамтиды (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*):
 - 1) нетто-жайғасымдар анықталатын, жасалған мәмілелер туралы;
 - 2) әр клирингілік шот бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер туралы.

3. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушыға ұсынылатын клирингілік сессияның қорытындысы бойынша клирингілік есеп әр клирингілік есеп бойынша келесідей қосымша ақпараттарды қамтиды (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*):
 - 1) маржалық жарналардың ағымдағы көлемі немесе маржалық қамтудың ағымдағы құны туралы;
 - 2) қамтудың көлеміне қойылатын талаптар туралы;
 - 3) маржалық қамтудың немесе, толықтырылуы тиіс, маржалық жарнаның көлемі туралы;
 - 4) клирингілік кепілдік қорға кепілдік жарнаның қажетті минималды көлемі туралы;
 - 5) кепілдік жарнаның ағымдағы көлемі туралы;
 - 6) дефолтты реттеу процедураларын өткізу шегінде Ережелерге сәйкес ұсынылатын, өзге ақпараттар.
4. Биржа Ұлттық Банкке ұсынады:
 - 1) күнделікті – клирингілік қатысушылардың нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы жиынтық есеп;
 - 2) ай сайын:

Биржаның қатысушылары туралы есеп;

клирингілік қызмет көрсетуге Биржамен қабылданған, қаржы құралдары туралы есеп;

мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындамайтын, клирингілік қатысушылар туралы есеп.
5. Осы баптың 1-4 тармақтарында белгіленген, есептерді ұсыну шарттары мен тәртібі, сондай-ақ нысаны осы Ережелермен, Регламентпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен анықталған.

55 бап. Ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау тәртібі

1. Регламентке сәйкес күнделікті клирингілік сессия барысында сауда-саттық жүйесінен клирингілік жүйеге қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпараттар келіп түседі.
2. Сауда-саттық жүйесінен алынған, жасалған мәмілелер туралы барлық ақпарат клирингілік жүйесінде сақталып, күнделікті резервтік көшірмесін жасауға жатады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген, ақпараттардың резервтік көшірмелері заңсыз рұқсаттамадан қорғалып, Биржаның резервтік техникалық орталығында жаңартылған көшірмелермен ауыстырылғанға дейін сақталады.

56 бап. Клирингілік қызметті жүзеге асырғанда алынған, ақпараттарды пайдалану тәртібі

1. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырғанда алған, ақпарат инсайдерлік ақпаратқа жатқызылаты.

2. Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау жүргізудің тәртібі "Инсайдерлік ақпаратты ішкі пайдалану ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған.

57 бап. Клирингілік алымдар

1. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клиринг жүргізгені үшін клирингілік алымдарды алады.
2. Клирингілік алымдардың мөлшерлемелері, сондай-ақ клирингілік қатысушыларды оларды төлеу тәртібі мен мерзімі "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген.

58 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтыруларды уақытылы енгізуге клирингілік бөлімше жауапты болады.
2. Осы Ережелер қажетіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет, актуалдыланып тұруға жатады.

Председатель Правления

Алдамберген А.Ө.

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

1 қосымша

**Жайғасымдар ашу шектелімі бойынша
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІҢ МӘНІ**

№ р/с	Рейтинг	Мөлшерлеме
1.	Рейтингтің минималды деңгейін қанағаттандырмайды	0 %
2.	D	5 %
3.	C	10 %
4.	B	15 %
5.	A	20 %

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

2 қосымша

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Клирингілік сессияны ұзарту/қосымша өткізу туралы

Ө Т І Н І Ш

Осы өтінішпен [Клирингілік қатысушының толық атауы] сұрайды [керегін белгілеу]:

<input type="checkbox"/> есептесуі теңгемен қор нарығының	қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік сессиясын	<input type="checkbox"/> ұзарту
<input type="checkbox"/> есептесуі АҚШ долларымен, қор нарығының		<input type="checkbox"/> қосымша өткізу
<input type="checkbox"/> валюталық нарықтың		
<input type="checkbox"/> деривативтер нарығының		

[Трейдердің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

3 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

**Кепілдік жарнаны қайтару туралы
Ө Т І Н І Ш**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клирингілік қатысушының атауы)	Өтінішті берген күні
	Өтінішті берген уақыты

Жоғарыда аталған клирингілік қатысушы Биржадан осының алдында клирингілік кепілдік қорға аударылған кепілдік жарнаны келесі деректемелерге қайтаруды өтінеді:

Клирингілік кепілдік қорына аударылған кепілдік жарна (Керегін ✓ белгісімен белгілеу)	Қайтарылатын валютаны сомасы (цифрмен және жазбаша)	Банктік деректемелер
<input type="checkbox"/> деривативтер нарығының		
<input type="checkbox"/> қор нарығының		
<input type="checkbox"/> валюталық нарық		

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]